

ПЕДАГОГ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

1 (10) 2017

Елбасынан
хат алған
Ақжол

Тіл
халықтың
күре тамыры

Ақжолтай
Ағыбай
батыр

Жаңа заман
Жаңа міндеттер



Тажиева Жанат Арысбекқызы

Шымкент қаласы білім бөлімі басшысы

XXI ВЕК



Медина Рей



Диана Абдукадирова



Айдос Зұлқарнаев



Фурхат Курбанов

Құрылтайшы:
АҚ «QAZSAQ MEDIA GROUP»

Qazsaq Media Group басшысы:
Диана Абдукадилова Нематжанқызы

Бас редактор:
Медина Рей

Шеф-редактор:
Фурхат Курбанов

Жауапты редактор:
Айдос Зұлқарнаев

Дизайнер:
Ильяс Қожаниязов

Фотограф:
Азамат Жұмаділов

Журналистер:
Үміт Сапарқызы
Нурлан Досымов
Қарлыға Орынтаева
Аяужан Тобыл
Наталья Рудова
Елдос Асқаров
Болат Елжанов

Штаттан тыс тілші:
Раушан Қонарбаева
Сандуғаш Шалқар
Айнұр Буркитбаева
Әмина Тұрманбетова
Нұрбол Нышанбай

Меншік иесі:
«MJ-MEDIA PRODUCTION» ЖШС

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, 16648-Ж куәлігі берілген.

Журнал Qazsaq Media компьютерлік орталығында теріліп, Астана қаласы, Жангелдина көшесі, 20/1 “Color pages” ЖШС баспа-дизайнерлік орталығында басталды.

Жарияланған мақалалар, ашық сабақтар, сабақ үлгілері, тәрбие сағаттары, материалдар авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Qazsaq Media Group меншігінің басылымдарына жарияланған материалдар немесе сурет көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.

Редакцияның мекен-жайы:

010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 4

Тел: +7(775)4900197, +7(775)2139118

Эл.пошта: qazsaqmedia@inbox.ru, makala-2017@mail.ru

Таралымы: 5000-30000 дана

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, ТМД елдері

Бағасы: Келісімді

Мазмұны

Елбасынан хат алған Ақжол	6
«Lesson Study» - тиімді әдіс	8
ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ОРНЫ	9
Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру	12
Білімдегі жаңа бастама - шәкірт «шырағын» жағар мүмкіндік	14
Диалог арқылы оқушының танымдық белсенділігін арттыру	15
Мемлекеттік тілде сөйлеу әр Қазақстандықтың парызы	16
Тең бүйірлі үшбұрыш тақырыбына есептер шығару	17
ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ДИАЛОГТЫҚ ДӘРІС ТИІМДІЛІГІ	20
ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСҚА БАУЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	23
ЕРТЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕРІН БЕЙНЕЛЕУ	25
Жаңа заман- жаңа міндеттер	26
Өзбек әдебиеті	28
Достық өлкесінің заңы	30
Бисерден гүл жасау	32
«Тіл -халықтың күре тамыры»	33
Жаныңда жүр жақсы адам	36
М. Әбсембет «Ақжолтай Ағыбай батыр»	38
Қарнақ мекенінде құйылған тайқазан	40
Конспект занятия по математике	43
Болымды және болымсыз етістік	44



Тажиева Жанат Арысбекқызы - 1969 жылы 12 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шауілдір елді мекенінде дүниеге келген.

Білімі - жоғары. 1992 жылы Шымкент педагогикалық институтын бастауыш сынып мұғалімі, 2003 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетін қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1986 жылы Төлеби ауданында «Новострой» орта мектебінде аға пионер вожатый, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ретінде бастаған.

1992-2000 жылдары - Шымкент қаласындағы №29, №41 орта мектептерде мұғалім.

2000-2005 жылдары - Шымкент қаласы, Қ.Спатаев атындағы №7 мектеп-лицейі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

2005-2008 жылдары - Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінің бас маманы.

2008-2009 жылдары - Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінің басшысы.

2009-2014 жылдары - Шымкент қаласының білім бөлімінің басшысы.

2014-2016 жылдары - Шымкент қаласы әкімдігінің ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің басшысы қызметін атқарған.

2016 жылдың маусым айынан бастап Шымкент қаласының білім бөлімінің басшысы қызметін атқаруда.

Жанат Арысбекқызы ұстаздық еңбек жолында 2001 жылы республикалық мұғалімдер арасындағы пән олимпиадасында II орын, 2003 жылы ұстаздар арасындағы ғылыми-әдістемелік жұмыстар мен жаңа идеялар сайысында

I орын иегері атанған. 2013 жылы «Үздік білім беру менеджері» Республикалық байқауында I орын алып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен марапатталған.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгілерімен және «Ы.Алтынсарин» медалімен марапатталған.

«Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз тәрбиелейді» атты педагогикалық әдістемелік оқулығының авторы.

Бүгінгі күні, Шымкент қаласының білім бөліміне қарасты білім мекемелерінің саны 228-ге жетіп, оның ішінде мектептер саны - 132, балабақшалар саны - 88, мектептен тыс мекемелер саны - 8 құрап отыр.

Өткен жылмен салыстырғанда мектеп саны 3-ке, бала саны 10 000-ға артып отыр. Яғни 2017-2018 оқу жылындағы оқушылар саны 177 255-ті құрап отыр.

Ағымдағы жылы Шымкент қаласында 5 жаңа мектеп (Достық - 1200, Ақжайық - 600, Жаңаталап - 600, Қайнарбұлақ - 1200, Сәуле - 1200), 3 қосымша ғимарат (№27, 34, 97 мектеп) құрылыстарын пайдалануға беру арқылы апатты жағдайда деп танылған мектеп мәселесі толғымен шешіліп, үш ауысымда оқытатын мектептер саны 5-ке, яғни 62,5%-ға төмендеді.

Сонымен қатар, қалған үш ауысымда оқытатын мектептер, ыңғайластырылған ғимаратта орналасқан және мектебі жоқ елді мекендер мәселесін шешу бойынша бөлімнің 2017-2020 жылдарға арналған индикативті жоспарына сәйкес 17 жаңа мектеп, 18 қосымша құрылыс жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

2017 жылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша Шымкент қаласы бойынша орта балл 86,6 құрады (2016 жылмен салыстырғанда 4 балға жоғары), облыс бойынша 2-ші орынды иеленді.

Ағымдағы жылы «Алтын белгі» 248 (2016ж. - 94) оқушы, «Үздік аттестатқа» 164 (2016ж. - 56) оқушы иегер атанып, бітіруші түлектердің ішінде 5 113-і оқу бағдарламасын табысты меңгеріп, білім сапасы 68,8%-ды құрады.

Сонымен бірге, 2016-2017 оқу жылында қала мектептерінің 180 оқушысы облыстық және республикалық жарыстарда жеңімпаз атанса, 111 оқушы халықаралық жарыстардың жеңімпаздары атанып, еліміздің және шет елдердің ЖОО-ның гранттарын иеленді.

Бүгінгі таңда, Жанат Арысбекқызының бастамасымен Шымкент қаласының білім саласындаға бірқатар жұмыстарды оңтайландыру, білім сапасын көтеру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша Шымкент қаласы әкімдігімен бірлескен түрде жаңашыл іс-шараларатқарылуда.

Шымкент қаласының білім саласына енгізілген жаңалықтар.

1. Балаларды мектепке электронды түрде қабылдау жүйесі.

Балаларды мектепке орналастыруда ашықтықты, айқындықты қамтамасыз ете отырып, адами фактордың орын алуына жол бермеу мақсатында балаларды мектепке электронды түрде қабылдау жүйесі енгізілген.

2017-2018 оқу жылына электронды жүйе бойынша қала мектептерінің 1-сыныбына 21 945 оқушы қабылданды.

Жүйенің негізгі мақсаты:

- сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу;
- ата-аналардың білім мекемелерін (білім сапасы, материалдық базасы және т.б. мәліметтерді сайттан көру) ашық портал арқылы таңдау мүмкіндігі;
- мектепке баланы интернет желісі арқылы қабылдау;
- ашықтық, әділдік қағидаларын сақтау, халыққа қолжетімділік мүмкіндігін ұсыну және қағазбастылықтың алдын-алу.

2. Балаларды балабақшаға электронды түрде қабылдау жүйесі.

Шымкент қаласы бойынша жалпы балабақша саны - 381 (88 мемлекеттік, 22 шағын орталық, 271 жекеменшік), бала саны - 53 213.

Бүгінгі таңда, 13 963 балаға электронды жүйе арқылы балабақшаларға жолдама берілді. Ата-анаға және балабақша мекемесіне автоматты түрде жолдама берілгені туралы ұялы телефондарына хабарлама (СМС) жіберіледі.

Бұл жүйе - балаларды мектепке дейінгі мекемеге орналастыруда ашықтықты, айқындықты қамтамасыз ете отырып, адами фактордың орын алуына жол бермейді. Енді балабақшаларға жолдама алу үшін әр тоқсан сайын өтетін комиссия отырысын күтпейді. Босаған орынға күнделікті автоматты түрде бала қабылданады.

Жүйенің негізгі мақсаты:

- Баланы балабақшаға интернет арқылы орналастыру;
- Ашықтық, әділдік қағидаларын сақтау, халыққа қолжетімділік мүмкіндігін ұсыну, көптеген қажетсіз комиссиялар мен қағазбастылықтың және сыбайлас жемқорлық қа-

уінің алдын-алу;

- заманауи технологияларды ескере отырып, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін жаңарту.

3. Мұғалімдерді қабылдаудың электронды жүйесі «t-hunter.kz».

2017 жылдан бастап Шымкент қаласындағы білім беру мекемелеріне мұғалімдерді қабылдау кезінде ашықтық, әділдік қағидаларын насихаттау үшін конкурс негізінде іріктеу жүргізуге арнайы жүйе құрылды. Аталған жүйе бойынша білім беру мекемелеріндегі бос орындар thunter.shymkent.gov.kz ресми сайтына жарияланып, құжат тапсырған үміткерлер мекеме басшысы, білім бөлімінің өкілі, ата-аналар комитетінің мүшесі, қоғамдық ұйымның өкілі және БАҚ өкілдерінен құрылған комиссия отырысының әңгімелесу кезеңінен «ХАЛЫҚ КЕҢСЕСІ» мекемесінде өткізілуде.

Комиссия мүшелерінің шешімі электронды дауыс беру тәсілі арқылы веб-сайтта жарияланып, ең көп дауыс жинаған үміткер мекеме басшысына ұсынылады. Бүгінгі күнге дейін конкурстық жүйе бойынша 324 комиссия отырысы өткізіліп, 176 педагог қызметкер жұмысқа қабылданды.

4. Мектепішілік электронды бақылау жүйесі «i-mekter.kz».

Шымкент қаласының мектептерінде 2016 жылдан қараша айынан бастап электронды басқару аппараттық-бағдарламалық кешені енгізілуде.

Бұл қызметтің негізгі мақсаты:

- Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу;
- үздік білім ресурстары мен технологияларға білім беру процесінің барлық қатысушыларына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

-Мектеп - ата-ана - оқушы арасындағы байланысты нығайту;


- Оқушылардың сабаққа қатысуы, оқу үлгерімі мен тәртібінің көрсеткіштерін электронды түрде бақылау және сапасын арттыру.

Бүгінгі таңда, электронды бақылау жүйесі 29 мектепке орнатылып, жұмыс жүргізуде. Аталған жүйе орнатылған мектептер бойынша жүргізілген талдау жұмыстарының қорытындысына сәйкес, 2016-2017 оқу жылының I жартыжылдық пен II жартыжылдықпен салыстырғанда сабақтан себепсіз қалу деңгейі 75%-ға, құқықбұзушылық өткен жылы 6 қылмыс тіркелсе, биылғы жылы мүлдем орын алмаған, оқушылардың үлгерімі 12%-ға пайызға жоғарылап отыр.

Атап айтқанда, 2017 жылдан бастап қала мектептерінде ашықтық, әділдік қағидаларын сақтау үшін мұғалімдерді қабылдау конкурстық негізде жүргізілсе, балаларды 1-сыныпқа қабылдау және балабақшаға жолдама беру электронды жүйе арқылы жүргізілуде. Сонымен бірге, мектепішілік электронды бақылау «i-mekter» жүйесі 29 мектепке енгізіліп, жұмыс істеуде.

Гүлбану Айдүйсен
Шымкент қалалық білім бөлімінің
баспасөз хатшысы

Елбасынан хат алған Ақжол



Асан Ақжол Бағдатұлы

Елбасын Астана күнімен және туылған күнімен бірінші болып құттықтаған Асан Ақжол күтпеген жерден Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтан хат алды.

Ақжол №142 жалпы орта мектебінің (Мектеп директоры Қаратаева Эльмира Құрбанәліқызы) 3-сынып оқушысы. Сынып жетекшісі Мелдебекова Балхия Ақжолдың сабаққа деген белсенділігін, зеректігін, үздік оқушы екендігін мақтан етіп отырады. Өзінің алғырлығымен елбасына хат жолдады. Осындай зейінді, тәрбиелі ұл тәрбиелегені үшін Білім министрі Е.Сағадиев Ақжолдың анасы №142 жалпы орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Калмурзаева Зулфияны «Құрмет грамотасымен» марапаттады.

Елбасының Ақжолға жіберген хатын Дербісек ауылының әкімі Есенбаев Ералхан мектебімізге келіп, Білім күні мерекесінде салтанатты жиында табыс етті.

Ауыл әкімі Есенбеков Ералхан елбасының хатын Ақжолға табыс етуде




Елбасының Ақжолға жазған хатында былай делінген:

«Ақжол балам! Құттықтауыңды алдым. Рахмет. Саған ұзақ және бақытты ғұмыр тілеймін! Арманың орындалсын, ол өзіңе, еңбекте, үздік оқуыңа байланысты. Ата-ананды қадірле. Отанды сүй. Мектеп те, университет те сені күтіп тұр. Тек біліммен дәлелдеп шықсаң болады осы талабыңды.

Ізгі тілекпен Н. Назарбаев. 2017ж
Астана»

Елбасының хатын оқыған Ақжолдың жүзінде қуаныш. Бүгінде елбасынан хат алса, ертеңгі күні ел басқаратын азамат болып өсуіне Ақжол баламызға ақ жол тілеп қаламыз.

Қансұлу Қонысова,
Оңтүстік Қазақстан облысы
Сарыағаш ауданы, Дербісек ауылы
№142 жалпы орта мектебінің
мұғалімі



Ақжол балам!

Құттықтауыңды алдым. Рахмет.
Саған ұзақ және бақытты
ғұмыр тілеймін!
Армаңың орындалсын, ол
өзіңе, еңбекте, үздік оқуыңа
байланысты.

Ата-ананды қадірле,
Отанды сүй.

Мектеп те, университет те сені
күтіп тұр. Тек біліммен дәлелдеп
шықсаң болады осы талабыңды.

Ізгі тілекпен.

Н. Назарбаев

2017ж Астана

«Lesson Study» – тиімді әдіс

Мақсаты: Оқушыларға білім беру, бақылау дағдыларын арттыру және желілік қоғамдастық аясында мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал ету.

Зерттеу жұмысының әдістері:

Бақылау әдісі (оқушылардың іс-әрекеті мен мінез құлығын байқау, сауалнама жүргізу, оқушылардың жұмысын күнделікті қадағалау);

Басқару әдісі (басқару субъектісінің басқа объектке мақсатты түрде әсер етуінің тәсілдері мен құралдарының жиынтығы);

Әдістемелік жұмыс (тәжірибе алмасу, озық педагогика тәжірибені анықтап, оны насихаттау, педагогикалық анализ, теориялық және эксперименталдық зерттеулер);

Сұхбат (әңгімелесу, сұрақтар қою, іс-нәтижені талдап-жинастыру, «Оқушы үні» интервью жүргізу, зерттеу жұмысын анализдеу);

Оқу мен оқытудағы модульдер: Диалогтік оқыту, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, оқу мен оқытуды бағалау, көшбасшылық, АКТ, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушыларды жас ерекшеліктеріне байланысты оқыту.

Күтілетін нәтиже:

1. Lesson study іс-әрекетіндегі зерттеу - мұғалімдерге өздерінің ұғымдары мен түсініктерін тексеруге ынталандырады, өзара диалогты туындатады, әріптестік және кәсіби даму мәдениетін арттырып, мұғалімдердің назарын

оқушылар қажеттілігіне ұсынады.

2. Оқыту нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, мұғалімдер олардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай дәрежеде жоспарлау қажеттілігін түсінеді.

Біздің ұсынымыз:

1. Lesson Study үдерісіне басқа оқу пәндерін қосу;

2. Іс-әрекеттегі зерттеу үдерісіне ата-аналарды тарту;

3. Мектептегі оқу сапасы төмен сыныптарды Lesson Study үдерісіне қосу;

4. Іс-әрекеттегі зерттеу жұмыс нәтижелерін желілік қауымдастық аясында тарату, БАҚ беттеріне жариялау.

Іс-әрекеттегі зерттеу топ мүшелері:

Рахимова С.Р. - мектеп әдіскері, орыс тілі пән мұғалімі, II-негізгі деңгей бойынша сертификатталған;

Дельмухамбетова М.А. - ағылшын тілі пән, I-ілгері деңгей бойынша сертификатталған;

Шарауова Р.Б. - химия пәні мұғалімі, II-негізгі деңгей бойынша сертификатталған.

Райхан Шарауова,

Ақтау қаласы,

№11 мектеп



ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ОРНЫ

Бейнелеу өнеріне ұлттық үн қосқан ұлы суретші, халқының өмір тұрмысын қаз-қалпында бейнеледі. Өткен өмірдегі салт-дәстүрлер, наным сенімдер, түрлі ырымдарды өнерімен сабақтастыра білді. Бала жастан бойына сіңірген бейнелік ой-тұжырымы, жинақталған тәжірибесінің негізгі нәрі ұлттық намысын жандандыра түскен- Ә. Қастеевтің шығармалары халықтық дәстүрге бай.

Тәуелсіздік қоғамдық өмірде көптеген өзгерістерге жол ашты. Соның ең бастысы – исі қазқтың үлкені мен кішісінің өз халқының, қазақ ұлтының түпкі тегін білуге, тарихын, ұлттық мәдениетінің болмысына жете үңілуге мүмкіншілік алғаны. Көп жағдайда біздің халқымыздың да басқа халықтармен тағдырлас болғанымен өз еңбегінде өзіндік жолы бар, басқаларға ұқсамайтын ерекшелігі бар ел бола тұра оны тәпшітеп айтуға, оған жете үңіліп, қызықтауға, дәріптеуге мүмкіндігі болмады. Сөз жоқ, бұл жағдайда біздің кеңестік ел атанған кешегімізден керексіз қайсы, одан нені өзімізге алып, нені алып тастау керек? Неміз жеткіліксіз, немізді жаңартып, жаңғырту

керек дегенге зер салып, ойлану мен бойлауды қажетсінеді. Осы тұрғандан оқу - ағарту ісінің барысында нені қалдыру, нені қайта қарап өзгерту дегендерді де анықтау керектігі туып отыр. Сондықтан біз бұрын елемей, көзі жауып келе жатқан ата – баба дәстүрін қайтадан жаңғыртуымыз керек, бұл біздің ел болып тұруымыздағы ең бір сенімді тірек. Ол үшін біз оқушыларды осы қажеттілікке үйретуіміз керек. Осы айтылғандар негізінде Әбілхан Қастеевтің шығармасының оқушыларға беретін тәрбиелік ролінің маңызын талдауды мақсат етіп қойдым.

Қазіргі ғаламдану үрдісінің рухани өмірімізге алып

отырған орны жеке адам мен қоғам арасында жаңа қатынастар қалыптастыруда, мұның өзі мәдени ортада жаңа құндылықтарға жаңаша көз қарас тудырады.

Қазақстан үшін алып қарағанда қазіргі біздің білім беру жүйемізде, ұлттық мәдени бастауларынан алыстап қана қоймай, әлемдік білім беру кеңестігінен де оқшаулануда. Яғни бұның себебі біз көп жылдар бойы орыс отаршылдарының ықпалында болдық. Бұл кезде біз, ешқандай ұлттық мәдениеттің даму жолын, саяси басымдылықтың ықпалында ауызға алып, жолға қоя алмадық. Одан кейін тәуелсіздік алып, өз



бостандығымыз қолымызға тиген кезде не істерімізді білмей, бір талай уақыт бағыт – бағдарымызды түзей алмай сенделіп қалдық. Дәл осы сәтте тағы да әлемдік білім беру деңгейіне жете алмай қалдық. Сондықтан біз қазіргі сәтте, осы кемдіктің орнын толтыруға бет бұрдық.

Сол себепті Әбілхан Қастеев шығармаларын зерттеу, ұлттық бейнелеу өнерімізге қосқан үлестерін, қысқасы көркем өнердегі алатын орнын дұрыс бағалау, бізге өте қажет болып отыр. Өйткені біз Қазақстан бейнелеу өнерін Әбілхан Қастеевсіз ойлап жете түсіне алмаймыз. Сондықтан да оның қызықты да қиыншылыққа толы өмірбаяны мен шығармашылық тәжірибелерін оқушыларға таныстырып, олардың біліктілігін, білімділігін жетілдіру, сурет салуға деген қызығушылығын, ынта жігерін арттыру керек. Сонымен қоса көркемдік талғамдарын жетілдіру мәселесін де естен шығармау керек. Бұның бәрі оқушылардың өнер сүйгіштікке,

ұлтжанды қасиеттерін күшейтіп, патриоттық сезімге бай болуға әсер етеді.

Қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушыларының бірі. Еңбек жолын Түріксіб теміржолында жұмысшы болып бастады. 1929 -31 жылдары Ә. Қастеев Н.-Г. Хлудовтың көркемсурет студиясында оқыды. 1934-37 жылдары білімін Мәскеу қаласында Н. Крупская атындағы көркемсурет галереясында жалғастырды. 1942 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, 1944 жылы Қазақстанның халық суретшісі атақтарын алған. 1945-56 жылдары Қазақстан Суретшілер Одағы басқармасының төрағасы, халық өмірінің алуан көріністерін шынайы бейнелеген мыңнан астам көркем туындыларды дүниеге келтірген. Ә. Қастеев қолөнерге, суретшілікке жастайынан бейім болған. Анасы Айғанша кілем, алаша, бау-басқұр тоқуға, сырмақ сыруға шебер адам болыпты. Әбілхан осы халық өнеріне бала кезінен

көз қанықтырып, анасына ою-өрнектер салуға көмектесіп, сурет өнеріне қолын үйретіп өседі [1, 288 б].

Бейнелеу өнеріне ұлттық үн қосқан ұлы суретшісі, халқының өмір тұрмысын қаз-қалпында бейнеледі. Өткен өмірдегі салт-дәстүрлер, наным сенімдер, түрлі ырымдарды өнерімен сабақтастыра білді. Бала жастан бойына сіңірген бейнелік ой-тұжырымы, жинақталған тәжірибесінің негізгі нәрі ұлттық намысын жандандыра түсті. Ә. Қастеевтің шығармалары халықтық дәстүрге бай [2, 190 б]. Алғашқы жылдары салынған "Киіз үйдің көрінісі" атты шығармасы көшпелі халқымыздың тұрмыс тіршілігін бедерледі. Онда от басындағы әжелеріміздің ісмерлік өнері дәріптелген. Киіз үйдің ішкі көрінісі халқымыздың киелі қолөнерінің үлгілерімен безендірілген шағын мұражайға арналған көріністің мәнін ашып көрсетеді. Оның 1930-31 жылдары салған "Қарындастың портреті", "Автопортрет" атты туындылары түпнұсқаға



ұқсастығымен және кеішкер болмысын ашуға деген талпынысымен ерекшеленеді.

Ол бірте-бірте ел өмірінің алуан саласы тіршілік тынысына ден қойып, тарихи-әлеуметтік өзгерістерге суреткер зердесімен қарай бастады. Оның "Мектепте" (1930ж.), "Түріксіб" (1932ж.), "Жамбыл портреті" (1937ж.), "Ескі және жаңа тұрмыс" (1937-41жж.), "Жас Абай" (1945 ж.), "Амаңгелді сарбаздары" (1970 ж.) сияқты туындылары дарынды суретшінің өткен мен бүгінгіні шыншылдықпен бедерлеген көркем шежіре іспеттес [3, 77б]. Ұлттық өресі биік суретші жасандылықты жаны сүймеген, көргенін дәл қалпында бейнелеген шебер. Көшпелі елдің ұғым түсінігіне, рухани өлеміне ұласқан өзіндік шығармалары халықтың тұрмыс-тіршілігін айшықтап көрсетеді.

"Көк қамзолды қыз", "Қос құрбы", "Қыз ұзату", "Келін түсіру" атты шығармалары ұлттық дәстүрді нанымды бейнелейді. Даланың өмірі мен негізгі кәсібіне байланысты қазақ

халқының ұлттық киім киюдегі өзіндік ерекшелігін, туған жердің әсем табиғатын, оның дидарындағы адам қолының жасампаз өзгерістерін зор шабытпен бедерлей алған суреткер. Оның "Биік таулы мұз айдын" (1954ж.), "Гүл ашқан алма" (1958ж.), "Менің Отаным" (1959ж.), "Жайлаудағы автодүкен" (1963ж.), "Қапшағай ГЭС-1" (1972ж.) сияқты полотнолары эпикалық қарымымен, шыншылдығымен назар аудартады [3, 78 б].

Ө. Қастеев суретші ретінде өзіндік дара қолтаңбасымен ғана ерекшеленіп қоймайды, сонымен бірге, ол туған жері мен өскен елін перзенттік махаббатпен жырлай білген. Өбілхан Қастеевтің көп еңбектерін Алматы қаласы Т.Г. Шевченко атындағы Қазақ көркем галереясынан көруге болады. Екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, Октябрь Революциясы, "Құрмет белгісі" ордендерімен марапатталған етеді [4, 2б].

Ө. Қастеев есімі Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік Өнер мұражайына және Шымкет қаласындағы Көркем өнер колледжіне, сондай-ақ Қазақстанның бірнеше қаларындағы көшелерге берілген. Алматыда белгілі суретші Өбілхан Қастеевтің ескерткіші ашылды. Ескерткіш суретші атымен аталатын Өбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінің алдына қойылған.

Қорыта айтқанда, Өбілхан Қастеев есімін, әрі оның таза, тұнық, қазақ рухынан туындаған, өшпес, өлмес, асқақ туындыларын, бүкіл қазақ халық арасына кеңінен тарату арқылы, иісі қазақ халқының, қазіргі кезге дейін қалып қойған отаршылдық өсерінен құтылып, жаңа қазақ иісті халық дәстүрлерін қалыптастыру қажет.

А. С. Сахабаева
Балхаш қаласы,
№ 16 орта мектеп

Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру



Акмарал Байтанова,
Кентау қаласы,
Ш.Қанайұлы атындағы №2
жалпы орта мектеп

Мақсаты: Мұғалімдердің өзара оқыту мен сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру. Нақты шешім қабылдауға қажетті дағдылар мен іс-тәжірибелерді меңгерте отырып, жоғары деңгейге жетелеу. Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуда топтық жұмыстың тиімділігін ұғындыру.

Дереккөздер ресурстар: «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» бағдарламасы мұғалімге арналған нұсқаулық 30-37 беттер, АКТ, «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» презентация, тәмсіл «Көбелектен алынған сабақ», «Көңіл күй айнасы» бейнероликтері, А4 парақтары, флипчарт, стикерлерлер.

Уақыты	Кезеңдері	Коучтың іс-әрекеті	Мұғалімнің іс-әрекеті	Күтілетін нәтиже
5 мин	Кіріспе. Психология-лық ахуал.	Сәлемдесу. «Шаттық шеңбері». «Мозайка» әдісі арқылы 3 топқа біріктіру. Топ ережесін құру.	Коучингке қатысушы мұғалімдер әркім өзінің есімі басталатын әріптен қасындағы әріптесіне тілек айтады. Көбелектің суреті қиылған кесінділерін біріктіру арқылы. Бірлесе отырып топ ережесін құрып, таныстырады.	Жақсы тілектерді тындап көңіл күйлері көтеріледі. Топқа тең болатындай етіп біріктіру. Топтың ортақ ережесін қорытып шығарады.
10 мин	Тәмсіл. «Көбелектен алынған сабақ» бейнеролигін көру.	Алдарыңызда «Көбелектен алынған сабақ» бейнеролигі қойылды, мұқият мән беріңіздер. 1.Бейнероликте не көрсетілген? 2.Сіздің ойыңызша мұнда нені аңғартады? 3.Яғни, бүгінгі тақырыпты өздеріңіз ашып көріңіздер.	Бейнероликтегі көрініске талдау жасай отырып, ой тұжырымдау.	Бейнеролик-ті көру арқылы өз ойларын қорытады.
10 мин	«Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» презентация.	Сын тұрғысынан ойлау модулі аясында сын тұрғысынан қалай ойлану керек екені туралы түсіндіреді.	Таныстырылым туралы талқылау жүргізеді.	Сын тұрғысынан қалай ойлану керек екенін түсінеді.
10 мин	«Көңіл күй айнасы» бейнеролигін көру.	«Көңіл күй айнасы» бейнеролигін көре отырып, топтық жұмыстың тиімділігін анықтау.	Өз ойларын ортаға салады.	Бейнеролик-ті көру арқылы бірлескен топтық жұмыс туралы өз ойларын қорытады.

10 мин	«Аял-дама» ой бөлісу әдісі.	«Мәдениет» деген не? Бұл сөздіестігенде нені ойлаймыз?	«Мәдениет» дегенімізді топ мүшелері өз түсініктері бойынша флипчартқа жазады.	Спикер постер қорғайды.
20 мин	«РАФТ» әдісі.	«Табиғат құбылыстары» бейнеленген сурет көрсетіледі.	1-топ. Суретте көрсетілген табиғат құбылыстарын ыммен іс-қимыл арқылы көрсетеді. 2-топ. Сахналық қойылым арқылы. 3-топ. Өнге салады. Өз ойларын ортаға салады.	Топтық жұмыста сурет мазмұнын ашады.
5 мин	Тренинг	«Мен елімді сүйемін» тренингін ұйымдастырады. Рахмет!	1. Егер сіздің үйіңізде мысық болса, өз басыңызды сипаңыз; 2. Егер сіз иттерді жақсы көрсеңіз көршіңізді құшақтаңыз; 3. Егер сіздің досыңыз болса, көршінің басын сипаңыз; 4. Егер сіз құстарды жақсы көрсеңіз, қолыңызды созып, құстарша қанат қағыңыз; 5. Егер сіз өз мектебіңізді жақсы көрсеңіз, аяғыңызды топырлатыңыз; 6. Егер сіздер Отанымызды жақсы көрсеңіздер, алақандарыңыз-ды соғыңыздар!	Топ мүшелері көңіл күйлері көтеріледі, денелерін сергітеді.
10 мин	Миға шабуыл	«Мармозетка» слайдын көрсету.	Слайдта қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, «Мармозетка» кім? немесе Не? екенінің мәнін ашу.	Ой қорытады.
10 мин	Қорытынды. Кері байланыс: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі.	Стикерлерді толтыруды ұсыну.	Рефлексия жазады.	Коучингтен алған әсерлерімен ой бөлісу.

«Мектептің тірегі де, тіреуі де – оқыта білетін мұғалім»
А.Байтұрсынов



Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның мақсаты: экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Сондықтан да қазіргі таңдағы басты мәселелердің бірі жастарға сапалы білім беру.

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң, биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдында, айналсаң артыңда тұрғандай» — деп айтқан екен Сократ. Міне, бүгінгі таңда Егемен еліміздің білім саласында өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар қойылып отыр. Еліміздің болашақ тұлғасын тәрбиелеу мен білім беру жолында — жаңашылдыққа жаны құмар, ізденімпаз, бәсекеге қабілетті, дені сау оқушының бейнесін жасауға атсалысу ұстаздар қауымының басты міндеті десем де болады.

Ал, осы міндетімізді адал атқару үшін біздерге, мұғалімдерге, мемлекетіміз үлкен қолдаулар көрсетіп отыр. Ұстаздардың жаңартылған бағдарламаны меңгеріп алу үшін біліктілік арттыру курстарының ықпалы зор.

Осы жаңартылған бағдарламаны меңгеріп алу менің мақсатым. Ғәм арнағым болатын. Мен үшін бір қызық, бейтаныс, важап әлемдей болып көрінетін. Биыл «Өрлеу» БАҰО» АҚ ОҚО бойынша ПҚБАИ –дың ұйымдастыруының арқасында Маусым айының 12 мен 30 аралығында Түркістан қаласында өткізілген «Қазақ тілі және әдебиеті пәндері бойынша жаңартылған білім мазмұны» біліктілік арттыру курсының оқу барысында осы арнағымға қол жеткіздім десем де болады. Жаңартылған бағдарламадағы төрт дағдыны білетін бірақ, қалай пайдалануды білмейтін,

мақсат қоя алатын, бірақ соны дұрыс жүзеге асыра алмайтын, жаңа әдіс-тәсілдерді білетін бірақ, дұрыс қолдана алмайтын мен үшін бұл оқу үлкен көмек болды. Институт тренері Махатаева Жанар Иманқызының баулуымен осы олқылықтың орны толды. Теорияны практикамен ұштастыра отырып оқытқан Жанар апайдан үйренгеніміз көп. Атап айтсам Жаңаша форматтағы сабақтар өткізуді; Үйрете отырып, үйренуге дағдылану; бағыт-бағдар беруде түрлі амал-тәсілдерді қолдана білетін деңгейге жетуді; мұғалім — оқушы — ата-ана арасындағы қарым-қатынастың ынтымақтастығын құра алатындай жағдайға жетуді үйрендім. Маған таңсық болған ғажап әлемнің құпиясы ашылғандай болды. Оқу барысында тренеріміздің жетекшілігімен түрлі әдіс-тәсілдерді мақсаты жүзеге асыру үшін дұрыс пайдалануды, сонымен қатар, сабақ мақсатын тақырыпқа сай, сынып деңгейіне бейімден, қолжетімді етіп дұрыс қоя білуді үйрендік. Жан-жақтан келген 30 мұғалім біріге отырып әсерлі сабақтар жүргізіп, тәжірибе алмастық. Өзіме ұнағаны сабақты сан қырлы етіп оғу арқылы оқушылардың түрлі қабілеттерін дамытуға болатын тәсілдер үйрендім.

Қазіргі заман талабына сай оқыту да білім беруді жаңашаландыру — оқу тәрбие үдерісін даралау, демократияландыру — жаңа тақырыпты оқушылардың

өздеріне меңгере алатындай билік беру, ізгілендіру, түрлендіру, тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылатынын түсіндім. «Өркениеттің мақсаты — адамды ойлауға үйрету» деп атақты ғалым Т. А. Эдисон айтқандай, мектептің де, оқытылатын пәндердің басты мақсаты — оқушылардың танымдық — шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Демек, менің мақсатым айқындала түсті. Осы оқудың нәтижесінде мен еркін, өзіндік дәлел — уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір — көзқарастары жүйелі дамыған, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін өз деңгейінде меңгерумен қатар, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыра алсам мақсатыма жеткенім. Егер ұлттық құндылықтарды бойына еңіріе отырып, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қойып берген 7 бағытқа қарай бастай алсақ, нағыз ұлтжанды, адал ұрпақ тәрбиелеп шығарымыз сөзсіз. Бұндай ұрпағы һәм болашағы бар ұлт ешқашан жоғалмасы анық. Ертеңгі болашақ бүгінгі жастардың қолында болса, сол жас ұрпақты саналы етіп қалыптастыру ұстаздың қолында екенін біз ешқашан ұмытпауымыз керек.

Амина Тұрманбетова,
ОҚО, Түркістан қаласы,
Жаңа Иқан ауылы,
Ұлықбек жалпы орта мектебінің
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Диалог арқылы оқушының танымдық белсенділігін арттыру

Егеменді еліміздің білім жүйесін жаңғырту әрбір ұстаздан жоғары жауапкершілікті қажет етеді. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай қазіргі мектептерде білім беру жүйесі жаңартылды. Соған орай білім берудегі жаңа тәсілдерді оқу үдерісінде пайдалану маңызды рөл атқарады.



Оқушылардың арасындағы өзара сұхбат шәкірттердің өзіндік ой- пікірін жүйелеуіне, дамуына көмектеседі. Мектептегі іс-тәжірибемнің барысында көптеген өзгерістерді байқадым. Бұл оқу нәтижесінде оқушылар бір ғана сұрақпен шектеліп қана қоймайды, өз ойларын жан-жақты білдіре алады.

Оқушылар сұраққа түсіндірме жауап береді әрі өз пікірлерін жеткізе алады. Сол сұрақты талқылау барысында қаншалықты маңызы бар екендігін жеткізіп жатады. Олар жан- жақты ойланады, ізденеді, бір-бірінің пікірін тыңдау арқылы ой бөліседі, білім игеруде бірлескен іс-ірекет қалыптасады және жоғары деңгейде ойлау қабілеті мен зияткерлік қабілеттері жетіледі.

Ұстаздың ролі оқушыны бірімен-бірі жалғасатын диалогке тарту. Бұл тәсілді қолдану оқушының оқуға, жетістіктерге жетуге, берілген тапсырманы орындауға қабілеттерін белсенді етеді, - деп ойлаймын. Сонымен қатар баланың тіл байлығын дамытуға да септігі мол.

Сыныпта диалогты пайдалану арқылы оқушының білім игеру мүмкіндігіне ерекше әсер қалдыруға болады. Себебі балаға сұрақ қою білім алуына көп қолдау көрсетеді. Олардың білім деңгейлерін көтерумен қатар, өз ойларын анық айтуға, ойын дамытуға, кеңейтуге мүмкіндік беру үшін пайдаланылады.

Диалог арқылы оқыту мұғалім мен оқушы үшін орасан зор. Әрбір ұстаз осы тәсіл арқылы

жұмыс жасайтын болса, біздің шәкірттеріміз заман талабына сай білімді, дарынды, зерек ойлы және терең ойлана білетін жеке тұлға болып қалыптаса біледі, - деп ойлаймын. Құзырлы оқушы мен құзырлы мұғалім-қазіргі мектептің басты тұлғасы. Мәңгілік өркениетті ел болу үшін бүгінгі заман талабына сай білім мен білікті игеру үшін, жеке тұлғаның сапалы білім мен тәрбие беруге жол ашу- әрбір ұстаздың қолында.

Жанерке Байсынова,
Қызылорда облысы,
Сырдария ауданы,
№132 Т. Айтбаев атындағы орта мектебі



Мемлекеттік тілде сөйлеу әр Қазақстандықтың парызы

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.» ҚР Конституциясы 7-бап

Қазақ елі! Жері! Тілі! Бұл-менің баға жетпес асыл қазынам дер едім! Өзге ұлт өкілі бола тұрсам да, мен бұл көптеген ұлтқа ОТАН болған зайырлы мемлекетте туған тағдырыма ризамын! Осы елде білім алу, мамандық таңдау, отау құру, осы дана халықпен бірге тарихқа қадам басу-мен үшін зор мәртебе. Себебі қазақ-қаны таза, жаны таза, қонақжай, батыр халық. Қаны тазалығы сол-жеті атадан бері қыз алыспаған; жаны тазалығы, қонақжайлылығы сол-бірнеше ұлт өкілдерін жатсынбай көкірегіне басып, төрінен орын берген; батырлығы сол-қай кезеңде де елі мен жерін жанын сала қорғаған! Өзінің «Манасы» мен қазақтың «Абай жолын» қатар тұмар еткен қырғыздың Шыңғысы да осы халыққа басын имеп пе еді?

Қазақ салт-дәстүрін, тілі мен тарихын қатты қастерлеген. Жеті жасқа дейін тек бір тілде — ана тілінде сөйлеген сәби туған тілін ешқашан ұмытпайтынын ешбір психологсыз анықтаған халық. Көнеден келе жатқан қазақ зиялылар тағылымы бойынша «жігіт болсаң, жеті жұрттың

тілін біл, жеті түрлі ғылым біл» деп талап қоя тәрбиелеген. Мысалы, ұлы қазақ ғалымы Ш. Уәлиханов осы талапқа сай жеті жұрттың тілін білген. «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген А. Байтұрсынов пікірін ұстанса да, «өзге тілдің бәрін біліп, құрметтеуді» естен шығармаған. Конституцияда көрсетілгендей, өз тілін қызғыштай қорғаса да, өзге тілге көлеңкесін түсірмеген. Бұның дәлелі-22 қыркүйек күні бүкіл Қазақстан халқы үлкен бірлік пен берекенің мейрамын тойлайды. Яғни «Қазақстан Республикасының тілдер мерекесі». Иә, мемлекеттік тіл емес, барлық тілдер мерекесі.

Енді осы елдің азаматы ретінде мемлекеттік тілге сипаттама беріп кетейін. Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының тұрғылықты халқы қазақ халқының және оның шекарасынан тыс өмір сүріп жатқан қазақтардың ұлттық тілі. Қазақ тілінің таңғажайып кереметі жайында пікір айтушылар көптеп саналады. Олардың арасында өзімнің орыс

ұлтының өкілдері де баршылық.

Радлов В.В. «Қазақтардың тілі жатық та шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақпен жауап беруге келгенде таң қалдырарлықтай оралымды сөйлейді. Кез келгені, тіптен сауатсыздарының өзі, ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлей біледі.» деп тамсана жазған.

Ендеше, аталарым жоғары баға берген, өзге ұлт тілдерін құрметтеген өз Отанымның мемлекеттік тілін білу, қолдану маған ел алдындағы парыз емес, керісінше, зор мәртебе болмақ!

Бұл мақала қазақстандық орыс ұлтының өкілінің көзқарасынан жазылды.

Інжу Сөрсенбекқызы,
Маңғыстау облысы,
Қарақия ауданы,
№4 орта мектебінің 10 сынып
оқушысы,
Жетекшісі: Умсын Мукашова.

Тең бүйірлі үшбұрыш тақырыбына есептер шығару

Дарснинг мақсади:

1. Теңг ёнли ва теңг томонли учбурчак аломатлари в хоссаларини билиш ва шухоссалардан фойдаланиб мисол ишлашга ўргатиш.
2. Ўқувчиларнинг фанга деган кизиқишини ортириш, мустақил мисоллар ишлаш, оғзаки хисоблаш қобилиятларини ривожлантириш.
3. Ўз фикрини эркин айта билишга, катта ютуқларга эришишга тарбиялаш.

Дарс тури: мустаҳкамлаш

Дарс услуби: «Мияга ҳужум», мустақил ишлаш, практик

Дарс жихози: жадвал, *тест топшириқлари*, стикер

Дарснинг бориши

Ташкилий қисм

Саломлашиш

Давоматни аниқлаш

Дарсга тайёргарликни аниқлаш

Асосий қисм

Ўтган дарс сўралади.

«Мияга ҳужум» (такрорлаш саволлари)

1. Учбурчак томонларига кўра қанча турга бўлинади?
2. Учбурчак бурчакларига кўра қанча турга бўлинади?
3. Учбурчак ички бурчакларининг йиғиндиси қанча градус?
4. Теңг ёнли учбурчак деб қандай учбурчакга айтилади?
5. Учбурчаклар теңглигининг 1 аломати
6. Учбурчаклар теңглигининг 2 аломати
7. Учбурчаклар теңглигининг 3 аломати
8. Медиана деганимиз нима?
9. Учбурчак биссектрисаси деганда нимани тушунаси?
10. Баланглик деб нимага айтилади?

Уй вазифасини текшириш. (оғзаки)

№ 180

$$a = 8\text{см}, \text{асоси } 10\text{см} . P = 8 + 8 + 10 = 26\text{см}$$

$$a = 5\text{м}, \text{асоси } 7\text{м} . P = 5 + 5 + 7 = 17\text{м}$$

№ 189

$$180 - (49^\circ 25' + 49^\circ 25') = 81.5$$

Янги мавзу баёни

Янги мавзу

Теңг ёнли учбурчакга доир масалалар ечиш

Табақали топширик

Дарслик билан ишлаш

№ 188

Теңг ёнли учбурчакнинг учидаги бурчаги 75° . Асосидаги бурчакларини топиг.


$$180 - 75 = 105^\circ$$

$$105 \div 2 = 52,5^\circ$$

Жавоб: $52,5^\circ$ $52,5^\circ$

№ 193

Тенг ёнли учбурчакнинг учидан туширилган баландлик билан ён томонининг орасидаги бурчак асосидаги бурчакдан 15° кичик. Учбурчакнинг бурчакларини топинг.



Жавоб: $52,5^\circ, 52,5^\circ, 75^\circ$.

№ 196

Тенг ёнли учбурчакнинг икки бурчагининг айирмаси 24° . Унинг бурчакларини топинг.

$$\begin{aligned} x+x+x+24 &= 180 \\ 3x &= 180-24 \\ 3x &= 156 \\ x &= 156 \div 3 \\ x &= 52, \quad 52+24=76 \end{aligned}$$

Жавоб: $52^\circ, 52^\circ, 76^\circ$.

Семантик карта

№	a	b	c	P	Учбурчак турлари
1	2см	3см	7см	?	?
2	3см	3см	3см	?	?
3	6см	6см	2см	?	?
4	?	?	?	9см	Тенг томонли
5	3см	?	?	11см	Тенг ёнли
6	3см	4см	?	10см	?
7	4см	?	2см	10см	?




Тест топшириқлари

- Тенг ёнли учбурчак $a=4b=4$, $c=?$, $P=14$
 А) 4 В) 6 С) 10 Д) 5
- $100^\circ, 150^\circ$ ташқи бурчаклари ички бурчакларини топинг
 А) $80^\circ, 70^\circ, 30^\circ$ В) $100^\circ, 30^\circ, 60^\circ$ С) $150^\circ, 30^\circ, 10^\circ$
- Тенг ёнли учбурчак $P=20$, $c=6$, $a, b=?$
 А) 7, 7 В) 6, 6 С) 5, 5
- $a=5$, $b=5$, $P=17$, $c=?$
 А) 10 В) 5 С) 7
- Тенг томонли учбурчак $P=27$, $a, b, c=?$
 А) 7, 7, 7 В) 9, 9, 9 С) 5, 5, 5

Жавоблари

№	A	B	C
1		+	
2	+		
3	+		
4			+
5		+	

Дарсни якунлаш
Венн диаграммаси



Ўқувчиларни баҳолаш

Ўқувчиларнинг дарс давомида қатнашганларини ҳисобга олган ҳолда якуний баҳо қўяди.

Уйга вазифа: №191, 197

Эльфида Абдивайтова,
Түркістан қаласы, Ескі Иқанауылы,
«Иқан» жалпы орта мектебі

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ДИАЛОГТЫҚ ДӘРІС ТИІМДІЛІГІ

Қоғамды ілгері талпындыратын құдіретті күш – білім. Білім беру – оқыту мен тәлім-тәрбиені дамытудың үздіксіз үдерісі. Сапалы білім беруде шәкіртті өзіне тартып, түрлендіре отырып білім беру үдерісін реформалау барысында бәсекеге қабілетті ұстаз басты тұлға болып табылады.

Өз алдыма мынандай мақсат қойдым: Оқытудың жаңа әдістері арқылы оқушылардың белсенді тыңдау, көпшілік алдында сөйлеу, ойын ашық жеткізу, тәжірибе алмасу және өзара байланыста, қарым-қатынаста болу қабілеттерін арттыру. Бұл мақсатыма жету үшін диалогтік оқыту әдісі тиімді болатынын түсіндім. Осы модульдің идеяларын жүзеге асыру «жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттерін өрістетіп, зияткерлік қырларының дамуына ықпалын тигізу» [1.47] барысында маңызды деп санаймын.

Сабақ барысында оқушылардың өзгелермен қарым-қатынасқа түсудің маңызы зор. Себебі ақпараттық технологияның дамыған заманында оқушылардың дені өзгелермен қарым-қатынасқа түсе бермейді. Өзіне керекті ақпаратты ғаламтордан іздеп тауып оқиды. Бүгінгі таңда «Үнсіз» оқушылар көбейіп барады. Сол себепті сабақ беру барысында оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға назар аудардым.

Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың өзара сөйлесуі, пікір алмасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалог оқушылардың өзіндік көзқарасы мен ой – пікірінің дамуына, қалыптасуына

«Басқа халықтардан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек»

А. Байтұрсынұлы

көмектеседі.

Менің сабақтарымда көбіне көп зерттеушілік әңгіме мен әңгіме дебат түрлері жүзеге асты. Оқушылар топта талқылау жүргізу барысында әрқайсысы өз идеяларын ұсынып жатты, келіспейтін жерлері болса, оны да айтып, бір-біріне сұрақ қойып, айтқандарын дәлелдеп, өз идеяларын ұсынып жатты. Бұл әсіресе постер дайындау, постер қорғау, тақырыптық түйінді сөздер жазу, сөздердің жасалу тәсілдері түрлерін ажыратып жазуда, сұрақты қағып ал деген әдісті қолданған кезде байқалды. Тапсырма орындауда топтық әңгімеде оқушылардың әрқайсысы диалогқа түсеті, өз идеяларын, шешімдерін ұсынды, ауызша жазбаша дәлелдеді. Оқушылар өзара әрекетпен нәтижеге жету мақсатында пікір алмасып өздерінің күш жігерін жұмсады. Мұндай тапсырмалар оқушылар үшін қызықты болды. Диалогтік тәсілдің оқушыларға өз

білімін басқа адамдарға сөзбен жеткізуге көмектестінін және оқушылардың сын тұрғысынан ойлауға көмектесетінін, оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, өзге оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал ететінін түсіндім.

Сыныптағы диалогтік әңгімені дамыта білсем, оқушылардың қызығушылығы артар ма екен, сабақ айтпайтын, қатыспайтын оқушыларым сабаққа қатыса ма деген қызығушылығым болды да осы модульді таңдап, қыр-сырына үңілгім келді.

Осы модуль идеяларына қатысты өз тәжірибемнен мысалдар келтіріп көрейін.

«Мұғалім - оқушы» және «оқушы - оқушы» жағдайындағы қарым-қатынас түсінікті дамыту мен мағынаны ашудың елеулі бөлігін құрайды. Осы зерттеулерге сүйене отырып, сабақтар топтамасында түрлі-әдіс-



«Цезарьдың қос жүзігі» әдісі

тәсілдерді қолдана диалогтік оқыту модуліне енгіздім. 5 «В» сыныбына қазақ тілінен «Сөзжасам» тарауындағы «Жұрнақтар жалғану жолымен жасалған туынды сөздер» тақырыбын өткен кезде сабақтың барысында диалогтік оқыту әдісі өткен тақырыпты еске түсіру мақсатында «Әр қадам сайын» интерактивті ойыны арқылы жүзеге асты.

Бұл ойынның мақсаты: оқушы өткен сабақтарда меңгерген тақырыптарының белсенділігін арттыру.

Оқушылар бір оқушыға сұрақ қойды, оқушы орнынан тақтаға дейін әр қадам аттаған сайын сұрақтарға жауап беріп отырды. Осы стратегия арқылы: Оқушыларға тақырып бойынша ойларын еркін айтуға мүмкіндік туады, оқушының білім деңгейі қандай екені анықталады. Жаңа сабаққа дайындық мақсатында

«Шабандоз бен жылқы» ойынын ұйымдастырдым. Бұл ойын ұжымдық оқытудың белсенді әдісі. Авторы А. Каменский. Бұл ойын жаңа білімді меңгерту барысында қолданылады. «Шабандоз» және «ат» болып сынып екі топқа бөлінеді. Бірінші топ сұрағы бар карточка алады, екінші топ дұрыс жауабы бар карточканы алады. Әрбір «шабандоз» өзінің «атын» табуы тиіс. Бұл ойын нәтижесінде сөз құрамының кестесін құрылады. Бұл әдіс бір жағынан оқушылардың қызығушылығын тудырса, екінші жағынан оқушылар сынып ішінде қозғалысқа түседі. Мұғалімге оқушылар тәртібін бақылап отыруға тура келді.

Осы стратегия арқылы: Оқушылар өткен тақырыптағы материалдарды еске түсірді. Оқушының жауабын түзетуге көмектесуге мүмкіндік болды. Логикалық ойлау арқылы өткен материалға ой салуға, дұрысын қабылдап, толығырақ жауап беруге жағдай жасалды.

Оқушының білім деңгейі қандай екені анықталады. Ойын нәтижесінде жаңа тақырыпқа кіріспе ретінде логикалық жүйе жасалды.

Жаңа білімді меңгерту мақсатында I. Әр топқа түбір сөз беріледі. Сол түбір сөзге жұрнақтар жалғау арқылы жаңа сөздер жасау

ішкі шеңберге жасап отырды, постерді кезекпен қорғады және 2 номердегілер сыртқы шеңбер жасап тұрды, түсінбеген, нақтылайтын нәрселерге сұрақ қойды.

Осы стратегия арқылы оқушыларға тақырып бойынша айтуға мүмкіндік болды. Жоғары деңгейлі сұрақтар



тапсырылады. Соның негізінде ерекшеліктеріне қарай отырып, ереже дайындауды ұсынады.

I топ Жер, II топ Жаз, III топ Оқы

II. Дайындаған жұмыстарына мысалдарымен постер жасауды ұсындым. Осы тапсырманы орындау барысында оқушылар қызу талқылау жасады. Өз ұсыныстарының дұрыстығын дәлелдеуге тырысты. Барнс пен Мерсер айтқандай зерттеушілік әңгімені оқушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болатын әңгіменің түрі десе, ол сабақта оқушылардың өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға да әсерін тигізетіні анықталды. Топ ішінде сөйлемей отырған М.С есімді оқушыға топ лидері Г.А «Сенің ойың қандай, пікіріңді айтсайшы» деп айтып жатырғанын байқадым.

Алған білімді қолдану мақсатында «Цезарьдың қос жүзіні» әдісін қолдандым. Сыныпта 1 номердегілер

қоюды үйренді.

«Бірігу жолымен жасалған туынды сөздер» тақырыбын өткен кезде жаңа білімді бекіту кезінде «КАСТ», «ПОПС», «Даналық кілттері» стратегияларын қолдандым. «КАСТ», «ПОПС», «Даналық кілттері» - әдістері арқылы тақырыпты толық түсінген оқушылар өзге оқушылармен ой бөлісе алды. Осы әдісті қолдану негізінде диалог пайда болады. Оның тиімділігі - оқушының тіл байлығы дамиды, сөздік қоры көбейеді, өз ойын өзгелерге дәлелдей алады, қалған оқушылар тыңдайды. Осы әдістерді пайдаланған кезде оқушылардың көбі тақырыпты тез түсінгенін айтты. Топ ішінде қызу талқылау жүріп жатты. Оқушылар логикалық ойын дамытатын және өмірмен тығыз байланысты тапсырманы орындауға тырысты. Өз ойларын ортаға салып, жаңа атау құрастырып, бір-бірімен келісе алмай шешу жолыдарын іздеумен болы. Бұл тапсырма



КАСТ

зерттеушілік, шығармашылық қабілетін, сыни көзқарастарын дамытуға бағытталған тапсырмалар еді және жаңа өнім жасауға бағытталған жұмыс болатын. Осындай тапсырманы орындаған кезде ешнәрсені қайталамайды, проблеманы шешуде ізденіс үстінде болатынын көрсетті. Топтық жұмыс барысында қызу талқылап ақылдасып, ынтымақтаса отырып орындап шықты. Өз беттерімен модель жасап оны қорғады.

Оқушылар өз жұмыстарын ұяңдық танытпай, өздерінің ойларын ашық айтып қорғап шықты. Бұл тапсырманы бермес бұрын көп ойланып едім, оқушылар орындай алар ма екен, қиын болар ма екен деп ойланып едім. Оқушыларым әдістің жұмыс бағытын түсініп қызығушылықпен орындап шыққанын көргенде өзім риза болдым.

Осы модуль идеяларын қолданғаннан кейінгі жақсы болаған жақтары мынадай:

Жұппен жұмыс ретінде алынған диалог топ ішіндегі оқушы мен оқушы арасында өтіп, оны топ ішінде талқылау оқушының ой-өрісін кеңейтіп, тіл байлығын дамытады. Сыни тұрғыда еркін ойлау қабілетін кеңейте отырып, еркін сөйлеуге әсер етеді. Топтар өздерінде

туындаған сұрақтарды диалогтік оқыту әдісі арқылы өзге топтарға қоя отырып түсіндірмелер жүргізеді. Мұғалім түсіндіргеннен гөрі оқушылар бір-біріне түсіндіргенде диалогтық оқыту



ПОПС

әсерлі болады. Себебі оқушы өз сыныптастарына ойын еркін ері түсінбеген сұрақтарын қояды, диалогтық қарым-қатынас жасайды. Мағынады да маңызды сұрақтар қойып, қасындағы құрдастарынан жауап алып жатқанын көріп топ ішінде ынтымақтастық байланыс орнаумен қатар диалогтік оқыту жүзеге асырылып жатқанын көруге болады.

Оқушыларымның пәнге

деген қызығушылығы артып, ынтымақтастық атмосфера қалыптастырдым. Диалог құру кезінде оқушылар тәжірибе жинақтап, сыни ойлау әрекеттері бір сатыға көтерілді. Алға-қарай өзімінің әр сабағымда диалогтік оқытуды сыни тұрғысынан ойлаумен ықпалдастырып, оқушының сыни ойлау ой-өрісін дамыту бағытындағы жұмыстарды жетілдіремін.

Қазіргі кездегі мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу

қаблеттілігін қажет етеді.

Гаухар Ажмеденова
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы
Ы. Алтынсарин атындағы
жоғары санатты қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі



Сәдібек Қарашан Кенесқызы
№22 жалпы орта мектеп
ОҚО, Түркістан қаласы

ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСҚА БАУЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ұстаз еңбегі - оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі - әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өмірді, әлемді танып-білуге қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сездіре білуінде жатыр.

Оқушылардың қызығушылығын арттырып отыру үшін ұстазы сабақ үстінде, сабақтан тыс уақыттарда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып отыруы тиіс. Олар мынадай: Тақырыпты терең ұғындыру, түсіндіру; Сабақта немесе сабақтан тыс уақыттарда әр түрлі тақырыптарда пікірталас тудырып отыру; Логикалық ойлауын жетілдіретін тапсырмалар беру; Ойларынан тест тапсырмаларын құрап келу, есеп құрау, ертегі құрау, ертегілерді сахналау, шағын мәтіндер құрау, өлең жолдарын құрау; Қиялдау арқылы сурет салғызу; Ана тілі сабақтарында мінездеме беру; Авторлар туралы толық мағлұмат жинау, реферат жазу; Әр түрлі тақырыпта сайыс, пікірталас өткізіп, алға әсерлеріне шығармалар жазу; Сабақ үстінде қосымша тапсырмалар беріп, орындауын қадағалау.

Осындай әдіс-тәсілдерді үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Бала бойындағы қабілетті ашу – оқушыны шығармашылық бағытта дамуына жете мән беруі болып табылады.

Шығармашылықпен айналысқан оқушының ойы жүйрік, тұғыры биік азамат болып қалыптасады. Қазақ әдебиеті сабағы да сөзбен жүргізілетін жұмыс сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі. Сөздік жұмысы оқушыны бір жағынан ойлауға жетелесе, екінші жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады.

В.Д.Эльконин шығармашылыққа мынандай анықтама береді: «Шығармашылық - бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалған нәрсе бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, өзінің сонылығымен, біртұмалығымен ерекшеленетін болса, өзін-өзі куәландыратын,

дәлелдейтін болса, онда бұл нәрсені туғызған шығармашылық акт туралы сөз қозғауға болады.

Бір нәрсені жасауға, тудыруға деген қабілеттілік балаларда мектеп жасына дейін де көрінеді. Адам бойындағы қабілеттерді дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі табуына көмектеседі. Өйткені, адам туынды ғана емес, тудырушы, жаратушы да. Ол өзін-өзі шынайы болмысына бастайтын жол іздеуі керек. Адам өзін-өзі жетілдіруге де, сонымен қатар, сонымен қатар өзін-өзі жоюға да қабілетті болады. Адамның өз болмысын тануға ұмтылуға көмектесіп, тереңде жатқан, талап тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады» - деп көрсетілген Қазақстан Республикасы Орта білімді дамыту тұжырымдамасының жобасында. Кез-келген дамыған өндіріс қазіргі таңда шығармашылықпен жұмыс жасауды талап ететін адамды қажет етеді. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын адамның негізгі іс-әрекеті ақыл-ойға, әрі алған білімді басқа таныс емес іс-әрекетте тасымалдай алуға негіздейді.

Оқушының шығармашылық іс-әрекеті және оның мәнін түсіну үшін жеке тұлғаның ғылыми-педагогикалық зерттеулердің объектісі ретінде анықталу сипатын білу қажеттілік болып табылады. Шығармашылық іс-әрекет тұлғаны құраушы және оны айқындаушы фактор ретінде де қарастырылады. Жеке тұлғаның ерекшеліктеріне тән қасиеттер оның санасына, өзіне-өзінің сын көзімен қарауына, адам баласының есіне әсер ететін ішкі және сыртқы түйсік, түйсіктердің әсеріне және оның ерік-жігер күші мен әсерленушілік сезім дүниесіне байланысты құбылыс деген пікірді біздер қуаттаймыз. Оның себебі, ұлы ғұламаларымыз осы ой-пікірде болған деп білеміз.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін

қалыптастыруда сабақтарды түрлендіріп өткізудің маңызы ерекше. Мұндай сабақтардың тиімділігін атап өтсек: сабақ құрылымының ұйымдастырылуы, сыныптағы оқушылардың іс-әрекетін бақылауға қолайлылық, оқу-танымдық тапсырмаларды орындаудағы ұжымдық бірлескен әрекеттің жүзеге асуы, оқыту уақытының үнемделуі. Мектептегі оқу процесі оқушылардың іздемпаздығын, танымдылық белсенділігін арттырып, шығармашылық әлеуетін дамытуында жол ашуы қажет. Оқыту процесі - екі жақты процесс болғандықтан, оқушының өзіндік жұмысы, дербес іс-әрекеті мұғалімнің басшылығымен қатар, олардың іздемпаздығын, белсенділігін, өз ықыласымен жасайтын әрекетін де керек етеді. Осыған байланысты кейбір педагогтармен психологтар оқушылардың өзіндік жұмыстарының негізгі ерекшеліктері олардың ықыласына және өз еркімен әрекет жасауына байланысты деп пікір айтады.

Оқушылардың өзіндік жұмысының жоғары формасына олардың өз еркімен амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады. Оқушылардың шығармашылығын, іздемпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық, пәндік апталықтар мен ғылыми-шығармашылық апталық, жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Оқушылардың танымдық іздемпаздығы мен белсенділігін, шығармашылық бағыттылығына негізделген жұмыс түрлерін пайдалану - олардың

танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Сондай-ақ мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, көркем өнер және техникалық көрмелер, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді. Шығармашылыққа үйрету тұлғаның интеллектуалдық аспектісі ғана емес, оның психологиялық, мінез-құлық ерекшеліктерін де көздейді. Оған жігерлілік, жаңа жағдайларға бейімделуге икемділік, қаржылық пен табандылық, тәуелсіздік пен адамгершілік сезімі, ынтымақтастық, қажырлы еңбекке қабілеті, белгісіз жағдайдағы өзіне сенімділік, ақиқаты іздеуді және қарым-қатынастағы адалдық жатады. Әр сыныптағы әр оқушыға байланысты мұғалім өзінің мақсатқа жету жолдарын іздейді. Ол оның үстіне басты шарты аталған қасиеттерді көрсетуге тырысады.

Оқушылардың жоспарлы жұмыс істеуге және өз жұмысының нәтижесін өзі тексеруге, оларды тапсырманы орындаудың тәртібі мен әдістерін анықтай білуге, сабақта, бір күнді, апта ішіндегі, ай ішіндегі өз жұмысын жоспарлай білуге ұсынылған критерийлер негізінде өз жұмысының нәтижесін талдау мен бағалауға, сондай-ақ мұндай критерийлерді өздері жасауға үйретуді көздейді.

«Әдебиет» және «Қазақ тілі» сабағында ұтымды уақыт тауып, шығармашылық жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Ол үшін мұғалім мәтіннің, жаттығудың өн-бойынан шығармашылық тапсырмаға лайықты жағдайлар іздеп табуы керек. Кейбір практикалық тапсырмаларды да шығармашылық арнаға бұрып, өзгертуге болады.



ЕРТЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕРІН БЕЙНЕЛЕУ



Асель Сахабаева,
Қарағанды облысы,
Балқаш қаласы
Лингвистикалық бағытта жұмыс
істейтін №16 орта мектеп

Сынып: 3Б

Мақсаты:

Оқушының ойлау, қиялдану, әсерлену, елестету қабілеттерін дамыту.

Ертегі кейіпкерлерін және мазмұнын бейнелей білуге үйрету.

Өсемділікке, әдемілікке тәрбиелеу.

Көрнекілік: ертегілерінің кейіпкерлері, суреттері, слайд.

Сабақтың түрі: аралас сабақ, ойын.

Ұйымдастыру кезеңі

Амандасу. Сабаққа дайындығын тексеру, сабақ тақырыбын, мақсатын анықтау, таныстыру.

Жаңа сабақ

Ерте-ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде. Достық шаттық күлкіде. Қылқалам мен Қарындаш және қыздары Акварель бейнелеу жайлауында өмір сүріпті.

Акварель әдемі сұлу, көрікті және өз өнерімен дүние жүзіне танымал болған екен. Бір күні Қылқалам мен Қарындаштың көршілері Клякса мен Өшіргіш зулумдықтан, тар қызғаныштан әдемі қыздарын ұрлап өкетуін ойластырады. Қылқалам мен Қарындаш жұмысқа кеткенде. Өшіргіш үйлеріне өтірік барып Кляксаның ауырғанын айтып

Акварельден көмек сұрайды. Әрине, Акварель қол үшін көмектесуге барады. Сөйтіп олар Акварельді алдап алып сиқырлы зынданға жауып тастайды. Ал Акварельдің әке-шешесі уайым-қайғыға түсіп жолға шығады. Бірақ Өшіргіш оларға зулумдық жасап жолдарын өшіріп тастайды.

Қылқалам мен Қарындаш сендерден көмек сұрап отыр.

Тапсырма «Суретті жалғастыр»

Шарты: Салынған суретті бояп бітіру керек, шеттерінен шықпаймыз. (3 топқа бөлінеді, топпен жұмыс істеу.) Ал біздің кейіпкерлеріміз сендердің көмегімен жарты жолдан өтті. Жолда келе жатып тағы бір сынаққа түседі.

Тапсырма «Жаңа кейіпкерді тауып ал»

Шарты: Кейіпкердің бет пішіні бөліктерімен берілген. Бөліктерді орындарына қойып кейіпкердің кім екенін тап. Бұл кейіпкер Қылқалам мен Қарындашқа өрі қарата зынданға жол көрсетеді. Келе жатып Қарындаш басқа дорба алғандарына байқады.

Тапсырма «Адаққан әріптер»

Шарты: Мына сөздер бүгінгі сабағымызға байланысты. Бірақ олардың әріптері сәл адасып

қалыпты, әріптерді орына қойып сөздерді тап.

Ратилап, якипозмоп, панқарды, лымаққа, варелька, тонаюмпио (палитра, композиция, қарындаш, қылқалам, акварелька, монотопия) Зынданға келгенде құлыпты аша алмайды. Бұл құлыптың сыры Кляксаның ішінде екен. Құлыпты ашу үшін біз Кляксаны Өшіргіштің сиқырынан алып шығуымыз керек. Кляксаны жағымды кейіпкерге айналдырамыз.

Тапсырма «Сиқырлы су»

Шарты: Кімде жағымды кейіпкер көп шығады, сол ұтады. (монотопия)

Ал балалар Қарындашпен Қылқалам өз баларын Акварельді сендердің көмегімен зынданнан алып шықты. Ал Клякса жағымды кейіпкерге айналды. Өшіргіш жамандықты жасамайтына ант береді. Енді олар зулумдықты жасамайды.

Сарамандық жұмыс

Тапсырма «Ертегі кейіпкерді салу»

Сурет салу үшін:
Көре біл;
Дұрыс үйлестіре біл;
Негізгі ойды бейнелей біл;

Оқушылар бірінші қарындашпен есалады. Одан кейін акварельмен бояп шығады.

Сабақтың қорытындысы

Жұмыстарын тақтаға шығарып көрсету. Оқушылар талдау жасайды, кемшіліктерін айтып шығады. Оқушыларды бағалау. Үйге тапсырма беру. Кезекшілер сыныпты реттейді.

Жаңа заман — жаңа міндеттер



Жаңа заман білім саласына да жаңа міндеттер жүктейді. Тәуелсіздік жылдарында еліміздің білім саласы биік нәтижелерге қол жеткізіп, әлемдегі дамыған елдер деңгейіне жетті. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен азаматтарының біліміне байланысты екені белгілі. Сондықтан да жас ұрпаққа сапалы білім, жақсы тәрбие беру ұстаздардың ұлы міндеті болып табылады.

Түркістан қалалық білім бөліміне қарасты Қ. Сәтпаев атындағы №12 жалпы орта мектепте жылдық жоспардың негізінде «Жаңа тұрпатты мұғалім – заман талабы» тақырыбында «Үздік бірлестік жетекшісі – 2017» байқауы болып өтті.



Байқау оқу үдерісіндегі әдістемелік жұмыстарды жетілдіру мақсатында ұйымдастырылды.

Байқауда 7 әдістемелік бірлестік жетекшісі, атап айтқанда, бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестік жетекшісі – Әлібаева Жанат, қазақ тілі әдістемелік

бірлестік жетекшісі – Қалымбет Айымгүл, орыс тілі бірлестік жетекшісі – Әргешова Арафат, шет тілі бірлестік жетекшісі – Утегулова Қарлығаш, математика пәні бірлестігінің жетекшісі – Алсейтова Маржан, Химия – биология әдістемелік бірлестік жетекшісі – Жусипова Дүйсенкүл, тарих – география бірлестік жетекшісі – Шакеева Ақнұр өздерінің бақтары мен баптарын сынады. Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені, бүгінгі және болашағы жайлы ойланып жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады. Осыған орай, бірлестік жетекшілердің сайысы да ескі сарынмен емес, жаңаша, өзгеше өткізілді. Қазылар алқасы да белгілі критерийлер қойып, 0 – 3 ұпай арасында бағалап отырды. Байқау 5 кезеңнен тұрды:

I Таныстырылым кезеңінде бірлестік жетекшілері өз бірлестігінің мүшелерін таныстыра келе, өздерінің ұйымдастырушылық қабілетімен қоса, сол ортада көшбасшы екендіктерін дәлелдеді

Бірлестік жетекшісі мұғалімдерді соңынан ертуге қауқарлы, ісіне берік әрі тиянақты болғаны жөн. Бұл – жаңа дамыған дәуірдің талабы. Сайысқа қатысушылардың осындай талапқа сай екендігін II кезең көрсетті. Махатма Гандидің «Әлемнің өзгеруін қаласаң, сол өзгерудің алғашқысы өзің бол» деген даналығын басшылыққа ала отырып, бірлестік жұмысына мұғалімдердің көзқарасы, өзара сабаққа қатысуы, пән бойынша білім сапасы, сабақтан тыс жұмыстары туралы 10 минуттық презентация қорғады.

III кезеңде әдістемелік бірлестік құжаттамасының жүргізілуі сырттай тексерілді. Құжаттаманың ережеге сай жүргізілгендігіне сәйкес бағаланды. Бұл кезеңде Шакеева

Ақнұр, Алсейтова Маржанның құжаттама жүргізуде өте ұқыпты екендерін байқадық.

IV кезеңде мектеп акт залында дайындалған көрмені әрбір бірлестік жетекшісі қорғап, таныстырды. Қазылар алқасы әдістемелік құрал – нұсқаулықтардың өзірленуі, көрнекі құралдардың жинақталуын бағалады.

Мұғалімнің тағы бір қыры өзін ұстауы, киім киісі, жүзінің жарқын бейнесіне дейін көрініп тұруы керек. Әрбір сөзге сауатты, әрбір ісіне жауапты, мәдениетті, интелегентті тұлға болуы керек десек, V кезеңде қатысушылар өз бойындағы барлық таланттарын көрсетті. Бірінен – бірі асып түсіп, түрлі өнерлерін ортаға салды.

Байқауға қатысқан барлық мұғалімдердің жұмыстарын саралап, талдай келе қазылар алқасы бас жүлдені – бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестік жетекшісі – Әлібаева Жанатқа берді. I орын – химия – биология әдістемелік бірлестік жетекшісі – Жусипова Дүйсенкүлге, II орын – қазақ тілі әдістемелік бірлестік жетекшісі – Қалымбет Айымгүлге және орыс тілі пәні бірлестігінің жетекшісі Әргешова Арафатқа, III орын – математика әдіс бірлестігінің жетекшісі Алсейтова Маржанға, география бірлестігінің жетекшісі – Шакеева Ақнұрға бұйырды.

Ұлы мұраттарға ұмтылған еліміздің ертеңі үшін аянбай еңбек етіп, шәкірттерді білімнің биік белестеріне бастап, асқақ армандарға жете беріңіздер, құрметті ұстаздар.

Түркістан қаласы,
Қ. Сәтпаев атындағы №12 жалпы орта мектеп
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
Б. А Сапарбекова

Өзбек әдебиеті

Оқушылар Ғ.Ғуламның өмірі мен танысып, өлеңінің идеясын ашу, білімдерін жан-жақтылы кеңейтеді, сөз байлығы кеңейеді, сын тұрғысынан ойлауға үйренеді, өз ойын толық жеткізіп, өлеңнен негізгі түйінді таба білуге дағдыланады. Ақынның өлеңі арқылы оқушылардың патриоттық сезімдерін ояту. Оқушылардың қоғамға деген өзіндік көзқарастарының қалыптасуына ықпал ету, өз ойларын еркін, нақты жеткізе білуге баулу, тіл байлықтарын дамыту, өз бетімен ізденуге, ой қорытуға дағдыландыру.

Дарснинг бориши	<p>Ғ.Ғуломнинг хаёти ва ижоди билан чуқурроқ танишиб, шоир шеърларини таҳлил қилиш жараёнида билимлари кенгаяди, ижодий ва мустақил фикрлаш кўникмалари ривожланади, гуруҳ билан ишлашда чакконлик, зийраклик танитишга, адабий тил билан етказишга, Она-Ватанга мухаббат, унинг тарихи ва бугундан фахрланиш, келажакка ишонч туйғуларини сингдириш</p> <p>Ўқувчиларда шоир хаёти ва ижодига қизиқиш уйғотади, улар мавзу асосида керакли билим ва кўникмаларга эга бўладилар. Мавзуга оид топшириқларни гуруҳ ҳолатида ўрганиб, ўзлаштиришга эришадилар</p>
Ўқув жараёни-нинг мазмуни	Шоир шеърларининг мазмун-моҳияти, тарбиявий аҳамияти лирик қаҳрамоннинг руҳий ҳолати, миллий ғурур туйғулари, шеърларда тасвирланган давр, ўтмиш ва бугун, келажак орзулари, совуқ урушнинг оқибатлари, юрт тинчлиги буюк неъмат эканлиги
Дарснинг услуби	Оғзаки баён қилиш. Изланиш дарси.
Восита	АКТ, тарқатма материаллар, маркер, плакат, “Икки хил тушунча” кундалиги баҳолаш жадвали, слайд
Дарснинг усули	СТО-стратегияси, гуруҳ билан ишлаш, Блум тахсаномиясининг 6 босқичи, ЖИГСО, ифодали ўқиш

Дарснинг босқич-лари	Вақти	Дарснинг усули	Ўқитувчининг ҳаракати	Ўқувчининг ҳаракати
Ташкилий қисм	5м	Гуруҳга коида тузиш	1. Саломлашиш 2. Ўқувчиларни тугаллаш 3. Психологик иқлим яратиш 4. 3 гуруҳга бўлиш 5. Баҳолаш варағи берилади 6. Гуруҳларнинг шиори сўралади	Навбатчининг маълумоти. 1 гуруҳ: “Офтоб” 2 гуруҳ: “Ойнабулоқ” 3 гуруҳ: “Арслон” Гуруҳ сардорига баҳолаш варағи берилади. Критерия орқали баҳоланади
Маъноси-ни очиш. Билиш Блум таксономияси	3м	Гуруҳ билан ишлаш	1 гуруҳ Ғ.Ғулом хаёти ва ижоди 2 гуруҳ Ғ.Ғулом асарлари хақида 3 гуруҳ Шоирнинг оиласи хақида	Уч гуруҳдан уч ўқувчи жавоб беради
Постер	5м	Ақлий ҳужум	Уч гуруҳга саволлар берилади. 1. Ғ.Ғулом ким 2. Ғ.Ғулом қаерларда хизмат қилди 3. Ғ.Ғулом ижодининг серкирралиги	Ғ.Ғулом ким? Ғ.Ғулом кўриниши Ғ.Ғулом шон-шухрати Ғ.Ғулом- бетакрор ижодкор Қайси йўна-лишда ижод қилди

Тушуниш	10м	ЖИГСО гуруҳ билан ишлаш	Шоир шеърларининг бош ғоясини тушунтиради 1 “Сен етим эмассан” 2 “Турксиб йўллари” 3 “Алишер”	1 гуруҳ ўқувчилари шеърнинг мазмуни бўйича “ Икки хил тушунча” кундалиги билан ишлайди		
				Шеърдан парча	Парча ҳақида фикр	Мақол матал
				2 гуруҳ шеърнинг тармоқлари бўйича жадвал тўлдиради		
				Қаҳ рамони	Ҳаётга қизиқиш уйғотиш	Одамгарчилик ҳосияти
			3 гуруҳ шеърнинг мазмунини таҳлил қилиш Муқаддима Кульминацион нуқта Ечим			
Қўлаш. “Мен- сенга , сен-менга”	5м	Ифодали ўқиш	Ҳар гуруҳдан ўқувчилар шоир шеърларини ёд олади	Шеърларни ёд олиб мазмун моҳиятини тушунтиради		
Таҳлил	5м	Ифодали ўқиш	Уч гуруҳга шоирнинг уч шеърини ўқиб таҳлил қилиш	Ҳар гуруҳ ўқувчилари шеърнинг ёзилишига қараб таҳлил қилади		
Тўплаш	4м	Ўз фикрини етказиш	Ўқувчиларнинг олган билимини мустаҳкамлаш борасида шоир ҳаётига оид воқеалар	1 Шоир ҳақида айтилган яхши фикрлар 2 Шоирнинг дўстлари 3 Шоирнинг сўнги дамлари		
Мустаҳкамлаш	4м	Савол-жавоб	Ўқитувчи дарсни мустаҳкамлаб, ўқувчиларга адабиёт латосини тарқатади	Адабиёт латоси 1 Адабиёт нима 2 Бадиий адабиётда гўзаллик 3 Риторик сўроқ 4 Шоир шеърларини ҳаёт билан боғлаш		
Рефлексия	3м	Ўз фикрини ёзиш	Адабий диалог журналини тўлдириш	Ҳар бир ўқувчи ўз фикрини ёзади		

Шарофат Юлдашова,
Туркистан қаласи, Жаңа Иқан
ауылы, Ұлықбек жалпы орта
мектебі

Достық өлкесінің заңы

Сабаққа негізделген оқу мақсаты	Өлеңді өмірмен байланыстыра отырып, өлең мазмұнын меңгерту. Өлеңдегі ізгі қасиеттерді тани отырып, оларды өз бойынан таба білуге үйрету. Оқушылардың достық туралы түсініктерін кеңейту. Оқушылардың мәнерлеп оқу, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілеттерін дамыту, достыққа, бірлікке тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже	Оқушылар өлеңнің мазмұнын түсінеді, түсінгенін айта алады. Бір мақсат, бір мүддеде жұмыс жасауға дағдыланады.	
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: Өлеңді мәнерлеп оқып, не жайында екенін түсінеді.	
	Оқушылардың басым бөлігі: Кейіпкерлерді сипаттай алады.	
	Кейбір оқушылар: Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға бере алады, өз пікірін дәлелдей алады.	
Стратегиялар	Топтастыру, ой қозғау, Джиксо, жеке жұмыс, жұптық жұмыс, топтық жұмыс.	
Алдыңғытақырып	М.Шаханов кім екенін біледі, дос сөзінің мағынасын ашады	
Сабақ барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекеттер	Ресурстар
Басталуы 2 мин	Сабақтың мақсатын анықтап алу 1. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен сәлемдесу. 2. Оқушыларды түгелдеу. 3. Оқу құралдарын алғызу.	Топтың аты жазылған қағаздар, кима қағаздар
1 мин	Ынтымақтастық атмосферасын құру; Топқа біріктіру; түрлі түсті кима қағаздар арқылы I топ Бірлік II топ Достық III топ Жеңіс IV топ Адалдық	
Үй тапсырмасы 5 мин	2. Үй тапсырмасын пысықтау. «Бір аяқ жол» әдісі. «Ақылды бала» 1. Ұрлық қандай әдет? 2. Әкесі баласын қандай әдетке баулыды? 3. Баласы ұрлықтың жаман әдет екенін әкесіне қалай түсіндірді? 4. Әкесі соңында қалай өзгерді? 5. Мәтіннен қандай қорытынды жасауға болады?	

5 мин	<p>«Ой қозғау»</p> <p>Дос дегенді қалай түсінесіңдер?</p>	<p>плакат</p> <p>маркер</p>
<p>Ортасы</p> <p>10 мин</p>	<p>«Топтастыру»</p> <p>-М. Шаханов кім? М. Шаханов 1942 жылы 2 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданында дүниеге келген. Ол қазақ ақыны, жазушысы. Оның шығармалары әлем елдерінің 20-дан астам тіліне аударылған.</p> <p>Өлеңді мәнерлеп оқыту, рөлге бөліп оқыту, жұпта талқылау.</p> <p>-Өлең кімнің атынан баяндалып тұр? -Мұхтар мен досы әжесінен неге қатты қорықты? -Әжесі нег немересін жазалаусыз қалдырды? -Баланың орнында болсаң сен не істер едің?</p>	<p>Интербел сенді тақта</p> <p>Оқулық, дәптер</p>
<p>Сергіту сәті</p> <p>1 мин</p>	<p>Би қимылдарын жасау</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p>I топ Өлеңді оқып, бөліктерге бөліп жоспар құру</p> <p>II топ Кейіпкерлерге сипаттама беру</p>	<p>Интер белсенді тақта</p>
<p>15 мин</p> <p>Соңы</p> <p>3 мин</p>	<p>III топ Дос тақырыбында эссе жазу</p> <p>IV топ Балалардың ісі дұрыспаәлде бұрыспа?</p> <p>Мәтінге байланысты мақал-мәтел құрастыру</p> <p>Сұраққа жауап беру</p>	<p>плакаттар</p> <p>маркер</p>
<p>Кері байланыс</p> <p>3 мин</p>	<p>Қошемет. Басбармақ көрсету. «Плюс-минус-қызықты» әдісі. Топ басшылары тобының оқушыларын бағалайды. Бағалау.</p>	<p>Бағалау парағы</p> <p>Стикер.</p>
<p>Үйге тапсырма</p>	<p>Өлеңді мәнерлеп оқу, ұнаған үзіндіні жаттау</p>	

Алия Ихласова,
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түркістан қаласы №26 мектеп,
Бастауыш сынып мұғалімі

Бисерден гүл жасау

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға гүлдер түрлері туралы түсінік беру, бисерден гүл жасау технологиясын үйрету. Алған білімін өз бетінше қолдана білуін және өз істерін бағалай білуге, әсемділікке, шеберлікке, ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу.

Дарснинг тағлымий мақсади: Ұқувчиларға гүл турлари хақида, бисердан гүл ясаш технологияси хақида тушинча бериш.

Дарснинг ривожлантирувчи мақсади: Ұзи мустақил ишлаш малакасини ошириш, ижодий қобилиятларини орттириш.

Дарснинг тарбиявий мақсади: Ұқувчиларни сабрликка, ғўзалликка, меҳнатсеварликка тарбиялаш, эстетик дидини ривожлаштириш.

Дарс жихозлари: АКТдан фойдаланиш, рангли расмлар.

Дарс тури: Тушунтириш, савол-жавоб.

Дарс методи: "Юракдан-юракка", "Мозаика", "Қиска тест", "Иссиқ микрофон", "Жуфтини топ", "Сиз қандай ўйлайсиз" стратегиялари, амалий машғулот.

Дарснинг бориши:

I Ташкилий қисм:

1. Саломлашиш.
 2. Давомағни аниқлаш.
 3. Психологик тайергарлик. "Юракдан -юракка".
 4. Гуруҳга бўлиш. "Мозаика".
- 1 гуруҳ "Фиалка". 2 гуруҳ "Атиргул".

II Ұтган мавзуни сўраш: «Қиска тест» методида сўралади.

«Иссиқ микрофон» стратегияси орқали ўтган мавзуни тахлид қиладилар.



III Янги мавзу баёни:

Атиргулхақида маълумот.

Фиалкагули хақида маълумот.



Амалий

машғулот: Фиалка гулини ишлаш технологиясини видеолавҳада кўрсатиш

1- гуруҳ "Фиалка" гулини ясаш.

Керакли жихозлар: сим, турли рангдаги бисерлар, қайчи, ПВА клей, ликобча, яшил рангдаги ип, яшил крeп қоғоз, тувак ёки рамка.

Технологик карта асосида иш бажарилади.

2 - гуруҳ "Атиргул" гулини ясаш.

Атиргул ясаш технологиясини видео лавҳада кўрсатиш.

Керакли жихозлар: сим, қизил ва яшил бисер, қайчи, ПВА клей, ликобча, яшил рангли ип, яшил крeп қоғоз, тувак ёки рамка.

Технологик карта асосида иш бажарилади.

IV. Ұқувчиларнинг ишини текшириш, гуруҳлар бир-бирининг ишини текшириб баҳолаш.

V. Мавзуни мустақамлаш: "Жуфтини топ" тести орқали.



"Сиз қандай ўйлайсиз?" стратегияси. Бисердан бизнес очишга бўладими?

VI. Ұқувчиларни бажарган ишига қараб баҳолаш.

VII. Уйга вазифа: Гүл ясаб келиш.

Фойдаланган адабиётлар:

1. Бисер лучшее украшение. Энциклопедия рукоделия. РостовДону- 2004.
2. Мектептегі технология 2011-№7,8; 2013-№2,4.
3. Технология. Оқулық 9-сынып.

Лутфинса Тажиметова,
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түркістан қаласы, Ескі Иқан ауылы,
"Иқан" жалпы орта мектебі,

«Тіл – халықтың күре тамыры»



Бүгінгі жас ұрпақ - мемлекеттің болашағы, ертеңгі күннің азаматы. Ал, оның бақытқа жетер даңғыл жолы - туған Отанын, туған тілін сүюден басталады. Сонымен қатар бәсекеге қабілетті азамат болу үшін орыс тілі мен ағылшын тілін жетік білу – қазіргі заман талабы. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 1989 жылғы 20-қаңтардағы жарлығына сай елімізде жыл сайын 22-қыркүйек «Қазақстан халықтарының тілдері күні» ретінде аталып өтіледі. Осы күні түрлі іс-шаралар өткізіліп жатыр.

Осы іс-шара аясында мектебімізде 22 қыркүйек күні «Тіл – халықтың күре тамыры» атты мерекелік кеш өтті.

Кеш салтанатты түрде ашылып, мектеп директорының оқу-

ісі жөніндегі меңгерушісі А.Нұрымбетова құттықтау сөз сөйледі. Ұлағатты ұстаз, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Г.Дүйсебекова мен ағылшын тілі пәні мұғалімдері кеш бағдарламасымен таныстырды. Содан соң «Үштұғырлы тіл-уақыт талабы» атты баяндама оқылып, оқушылар тіл туралы өлеңдерді қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде мәнерлеп жатқа айтты.

5-сынып оқушылары қызықты қойылымдар көрсетсе, 6-сынып оқушылары әртүрлі ұлттар биінің бұрала биледі.

10-сынып оқушылары Ж.Мылтықбай және П.Иманберді ағылшын тілінде әндер орындады. Мектебіміздің жас ақыны, 11-сынып оқушысы А.Зұлпыхар «Ана тілім» атты арнау өлеңін оқып берді.

Кешті ата-аналар, ұстаздар мен мектеп оқушылары қызыға тамашалады.

Бейсебай Нурзия
Жақсылыққызы
Оңтүстік Қазақстан
облысы, Қазығұрт ауданы
Ө.Жамалов атындағы жалпы
орта мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі



Буын Нұын түрлері

Сабақтың мақсаты:

А)Білімділік: буын туралы мәлімет беру,буын түрлерін мәтін ішінде ажырата білуге дағдыландыру

Ә)Тәрбиелік: оқушыларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, жақсы мінез- құлыққа тәрбиелеу, дүниетанымы қалыптытасқан дара тұлға дайындау

Б)Дамытушылық: сөздік қорын молайту, тілін дамыту, дыбыстан сөз, сөзден сөйлем құру арқылы сөйлеу шеберлігіне төселдіру, ойлау қабілеттерін арттыра отырып, шапшаңдыққа үйрету

Сабақтың әдісі: талдау, түсіндіру, сұрақ- жауап, ойындар

Сабақтың типі: жаңа сабақты меңгерту

I. Ұйымдастыру:

- а) Сәлемдесу
- ә) Оқу- құралдарын тексеру
Психологиялық дайындық

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Дәптерлерінде үй жұмысын қалай орындағандарын оқытып, тексеру.

Қателері болса жою.

Теспен жұмыс.

1. Жуан дауысты дыбысты сөзді табыңыз.

- а) Астана в) дәрігер с) түлкі д) көлік
- е) көбелек

2. Қатаң дауыссыздан басталған сөзді көрсетіңіз.

- а) ғарыш в) орман с) байлық д) құрлық
- е) үміт

3. Бітеу және ашық буындары бар сөзді көрсетіңіз.

- а) әже в) жазда с) үй д) үлкен
- е) ел

4. Сөзде неше буын бар екенін белгілеңіз. Мыс

- а) бір в) екі с) төрт д) үш
- е) бес

5. Үндестік заңына бағынбай тұрған сөзді табыңыз.

- а) үйге в) талапты с) мектепте д) балалар
- е) ағаштікі

6. Қысаң дауысты дыбыстарды көрсетіңіз.

- а) у, е, о в) о, и, е с) ә, о, е д) о, а, и
- е) ы, і, ү

III. Жаңа сабақ:

Ереже қорыту: Оқушыларға анықтаманы өздеріне шығартқызу

Буын- сөйлеу мүшелерінің тұтастай қимылынан пайда болған бір немесе бірнеше дыбыстық тіркесі.



Буынды тек дауысты дыбыстар ғана құрайды.

Бір Буында бірден артық дауысты болмайды, ал сөздің құрамында қанша дауысты дыбыс болса, сонша Буын болады (жү-ды-рық, қа-лам, мек-теп); 4) Буында мағына болмайды; 5) Тілімізде байырғы сөздер, сондай-ақ, Буындар да екі дауыссыздан басталмайды (сқақ, рза, сланов деп жазбаймыз, дұрысы: сықақ, риза, сыланов түрінде келеді); 6) қазақ тілінде басқы (сөздің басындағы) Буын ғана дауыстыдан басталуы мүмкін, қалған жағдайда (екінші, үшінші, т.б.) Буындар дауыстыдан басталмайды. Тасымалдың дауыстыдан басталмайтыны содан (кә-сіп, қыз-ғал-дақ, мә-сі); 7) сөздердің айтылуындағы Буын саны мен жазылудағы Буын саны әрқашан бір-біріне сай келуі шарт емес (айтылуда: Сар-ар-қа, кел-ал-май-ды, ал жазылуда: Са-ры-ар-қа, ке-ле ал-май-ды). Тіліміздегі сөздер бір Буынды, не көп Буынды болып келеді. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар өздігінен жеке тұрып Буын құрай алмайды. Буын өзінің құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың ретіне қарай мынадай түрлерге жіктеледі: **Ашық Буын** — бір дауысты дыбыстың өзінен ғана тұратын немесе дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталып тұратын Буын (а-ра, ұ-лы, ке-ше, қа-ла, не, а-сық, а-дым); 2) **тұйық Буын** — дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа бітетін Буын (ат, өт, ас); 3) **бітеу Буын** — дауысты дыбыс екі жағынан дауыссыз дыбыспен қоршалып тұратын Буын (тіс, қыз,

қар, мұз, құз). Бітеу Буынның бір ерекшелігі екі дауыссыз дыбыс қатар тұра беруі мүмкін.

«Кім тапқыр?» ойыны. Бұл ойында оқушылар сурет бойынша сздерді буын түрлеріне ажыратады.



IV. Сабақты пысықтау.
«Кітап-досың ақылшың».

302-жаттығу

- 1) мәнерлеп оқу.
- 2) Кітапты жауып, сұрақ- жауап алу «Не жетім?»
- 3) Топтастыру

Ел қонбаса, жер жетім,
Құс қонбаса жер жетім.
Кемпірі жоқ шал жетім,
Иесі жоқ мал жетім.
Соқыр болса, көз жетім,
Тындамаған сөз жетім.
Жау қолында ел жетім.
Жапырақсыз бұтақ жетім,
Оқылмаса, кітап жетім.
Тындаушысыз дана жетім,
Ата-анасыз бала жетім.
Қағазсыз бала жетім,
Ақылсыз адам жетім.

Сергіту сөті.

Суретпен жұмыс. Оқушылар берілген сурет бойынша сздерді буын түрлеріне ажыратып, дәптерлеріне жазу.

«Салт-дәстүрім-тірегім» Жасырынған ұяшықтағы

Суретпен жұмыс Берілген сздерден ашық, тұйық, бітеу буынды сздерді теріп жаз.

Ашық	Тұйық	Бітеу
------	-------	-------

тірек сздерді пайдаланып, мақал- мәтелдер табу
Білімді байқап көр. Жұмбақтар шешіп, сол сздерді буынға бөлу және қай буын түрі екенін айту
1. Үш қазық, екі желі, тоғыз ноқта,

Теңселіп, тербеледі адам соқса,
Шешен тіл, сөзге жүйрік болғанымен,
Не пайда үндемейді адам жоқта. (домбыра)



2. Айдалада ақ отау,
Аузы, мұрны жоқ отау. (жұмыртқа)
3. Жарға шығып ойнайды,
Ойынға бір тоймайды.
Болса дағы сақалы
Секеңдеуді қоймайды. (лақ)
4. Ағайынды екеу болыпты,
Екеуі тату жүріпті.

Ортасында тау болып,
Бірін-бірі көрмепті. (көз)
«Сөз құдіреті» ребус шешу

Қарнақ ауылына 2000 жыл.
Қызықты сұрақтар:

1. Қолда буын көп пе, аяқта буын көп пе?
2. Шалға қарағанда балада не көп?
3. Ант- қант,

- Оқ- тоқ,
Үрт- мұрт сздерінің ерекшелігі неде?
4. Бота мен қозы неге ұқсас?
5. Қыз бен кемпірдің айырмашылығы неде?
Y. Сабақты қорытындылау.



Оқушылардың білімдерін бағалау.

Дилфуза Пазилова,
ОҚО, Кентау қаласы, Қарнақ ауылы,
М.Қашғари атындағы мектеп-лицей

Жаныңда жүр жақсы адам

Мақсаты:

-оқушыларға адамды жақсылыққа жетелейтін жақсы қасиеттер мен әрбір жақсы істердің шапағаты туралы өткен сабақта алған түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- оқушыларды адамдардың өзара қарым – қатынасындағы ынты-мықнас, жан жылуы мен жақсылықты сезініп, бағалай алуға үйретуді жалғастыру;
- оқушылардың қоршаған ортаға, айналасындағы адамдарға мейірімді қатынас жасай алу және жақсылықты түсіне білу дағдыларын әрі қарай дамыту;
- оқушыларды сүйіспеншілікке, сезімталдыққа, сыпайылыққа, жақсыны сезіне білуге тәрбиелеу.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. 2 мин.

Сәлемдесу, оқушылардың көңіл-күйін сұрау, сабаққа қатысуды тексеру.

Үй тапсырмасын тексеру:

1. Мейірімді әже неліктен ауыр сөз айтуға мәжбүр болды?
2. Немересінің әжесі айтқан бір ауыз сөзді ұмытпай жүруінің мәнісі неде?
3. Өздеріңнің де жақын адамдарыңнан қатты сөз естіген кездерің болды ма? Қандай жағдайға байланысты?
4. Адам бойында қандай қасиеттер болғанын қалайсыңдар?

Бал болмаса, ара қасиетсіз,
Жанбай қалған шала қасиетсіз,
Өнерсіз болса, бала қасиетсіз,
Әділетсіз болса, дана қасиетсіз,
Ащысыз болса, тұз қасиетсіз,
Ұятсыз болса, қыз қасиетсіз,
Көк шықпаса, жер қасиетсіз,
Өз ойы болмаса, ер қасиетсіз,
Жігері болмаса, жігіт қасиетсіз

Шаттық шеңбері.

Оқушылар дөңгелене шеңбер құрып, төменде берілген өлеңді бірге орындайды.

« Әже туралы» өн

Сөзі Қ. Мырза Әлінікі
Өні Н. Тілендиевтікі

Дәйексөз

Төмендегі Бөлтірік бидің нақыл сөзін мұғалім өзі оқып береді. Оқушылар жақсы кісі мен оның

жақсы істері қандай болуы керектігі жөніндегі ойларын ортаға салады.

Жақсы деген кісінің
Алды – арты бірдей жарық болар,
Жақсы деген кісінің
Бас –аяғы бірдей анық болар....
(Бөлтірік би)

Видиолик

«Бала шығармасы»

Мәтінмен жұмыс

Менің әкем
(«Қайдасың қасқа құлыным» повесінен үзінді)
О.Бөкей

Жаңа тақырыпты пысықтау.

1. Автор әкесі жайында қалай толғанады?
2. Баланың әкеге деген махаббаты туралы не айтар едіңдер?
3. Өздерің ата-аналарыңның, ата-әжелеріңнің жақсылығын қалай сезінесіңдер?
4. Ата-ана туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?

Бейнематериалдар көру: (бейне баян)

- 1) «Ана» туралы монолог
- 2) «Әке» туралы маналог

Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс.

1 топ Жаман адамның бойында қандай қасиеттер болады? (топтастырып постерге жазу)

2 топ Жақсы адамның бойында қандай қасиеттер болады?





Жүректен жүрекке

Оқушылар шеңбер құрып тұрады. Олар өздерінің жанында жүрген жақсы адамдарды көз алдарына елестетіп, оларды қандай қасиетіне қарап жақсы адам деп ойлайтындықтарын кезекпен айтып шығады.

Оқушылар шеңбер құрып тұрады. Олар өздерінің жанында жүрген жақсы адамдарды көз алдарына елестетіп, оларды қандай қасиетіне қарап жақсы адам деп ойлайтындықтарын кезекпен айтып шығады.

- Мен анамды жаңымдағы ең жақсы адам деп білемін. Ол мені өмірге әкелді.
- Анам мені ақ сүтімен асырап, мәпелеп өсірді. Анамның маған деген шексіз махаббатын мен ештеңеге теңгермеймін.
- Мен үшін ең жақсы адам – менің әкем. Әкемді қатты жақсы көремін.
- Әкем екеуіміз дос сияқтымыз. Мен көбінесе әкеммен ақылдасып, көп нәрсені әкемнен үйренемін.
- Маған бәрінен әжем мен атам жақын. Олар мені кішкентай кезімнен өздері әлдилеп өсірді.
- Мен үшін әжем мен атамнан ыстық құшағынай, мол мейірімінен артық ештеңе жоқ.
- Мен нағашы атамды жақсы адам деп ойлаймын. Жазда ауылға барғанда нағашыларым маған барлық ықыластарын арнап, маған деген сағыныштарын жеткізе біледі. Мен де оларды үлкен жүрекпен сүйемін.
- Ал мен сыныптағы достарымды жақсы көремін. Шын дос болу үшін алдымен адамды жақсы көру керек.
- Мен мектептегі ұстаздарды жаңымдағы жақсы адамдар деп білемін. Олар бізге өмірді, айналадағы барлық адамдарды жақын көруді, олардың жаныңа жақын жандар екендерін сезінуді үйрету.



Айгүл Балатаева,
ОҚО Кентау қаласы,
Ашысай ауылы
Ж. Жабаев атындағы
№7 жалпы орта мектебі

М. Әбсембет «Ақжолтай Ағыбай батыр»

Сабақтың мақсаты: Мәтіннің мазмұнымен, идеясымен таныстыру.

Автор туралы мағлұмат беру. Шығармашылық қиялын, жүйелі ойлау қабілетін, сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту. Отансүйгіштікке.

Елжандылыққа, патриотизмге тәрбиелеу. Оқушы бойына адалдық, шыншылдық, батырлық сынды ізгі қасиеттерді сіңіру.

Сабақтың әдісі: СТО технологиясының элементтері

Сабақтың көрнекі құралдары: интербелсенді тақта, бейнефильм, жеке суреттер.

Сабақтың барысы:

1. Қызығушылығын ояту

Психологиялық дайындық. Шаттық шеңбері (Оқушылар шеңбер құрады)

- Балалар, алда қандай мерекелер келе жатыр?

- 1 желтоқсан Қазақстанның тұңғыш президент күні

16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі. Биыл Тәуелсіздігімізге 25 жыл

- Олай болса, көк жалаушамызды бір-бірімізге жақсы тілек айтып жалғастырайық.

2. Үй тапсырмасын пысықтау

- Осы мереке қарсаңында оқулықтан «Ата-бабам тарихы-менің тарихым» атты үлкен тарауды бастадық.

Бұл тараудан осы тәуелсіздікті аңсаған, соның жолында күрескен батырларымыз туралы оқып біліп жатырмыз.

Үйге қандай тапсырма берілді?

- «Алмас қылышты ардагер» мәтінін оқып мазмұндап келу

- Осы тақырып төңірегінде бір-біріңе сұрақ қоясыңдар. Дұрыс жауап берген бала Көк жалаушаны ұстап сұрақ қою құметіне ие болады.

- Жоңғар шапқыншылығында ел қорғаған батырлардың есімін тағы бір қайталап өтейік.

- Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Қаракерей Қабанбай

Осы батырлардың аттарымен топқа бөліне қойыық.

1-топ Қанжығалы Бөгенбай

2-топ Шапырашты Наурызбай

3-топ Қаракерей Қабанбай

3. Бейнефильм тамашалау «Кенесары хан»

- Фильм кім туралы? Кенесары хан туралы

- Кенесары хан кімдерге қарсы көтеріліске шықты?

- Патша үкіметіне қарсы шықты?

- Кенесарының арман-мақсаты қандай еді?

- Елдің тыныштығын қорғап, елдің егемендігін армандады.

- Осындай көтерілістерде жеңіске жету жолында, қиын кезеңдерден жол таба білетін кеңесші, ақылшы батырлары мен ақылдасып отырған.

- Бүгінгі сабағымызда Кенесарының бірінші әскери кеңесшісі болған Ағыбай батыр туралы мәтінмен танысамыз.

Мәтіннің авторы Марат Әбсемет.

- Автор туралы қысқаша мағлұмат беру

- «Ақжолтай Ағыбай батыр» мәтіні

- Мәтінді үш топ бөліктерге бөліп оқиды.

Оқыған бөліктер бойынша басқа топтармен бөліседі.

4. Сөздік жұмыс

Жасақ-әскер, Кеңесші-ақылшы жәбір-қиындық, қорлық

5. Топтық жұмыс

1 - Мәтін бойынша жоспар құрайды.

2 - Мәтін кестесін құрайды.

3 - 5 жолды өлең жазу Ағыбай

6. Сергіту сәті «Мен Қазақпын»

7. Дәптермен жұмыс



8. Бекіту сұрақтары

1. Мәтінде ел басынан өткен қандай кезең туралы айтылған?

2. Кененсары кім? Мәтінде ол туралы не айтылған?

3. Неліктен Ағыбай батырдың есімі Кененсары ханмен қатар айтылады?

4. Ағыбай батырды халық қалай бағалады? Оны неліктен «Ақжолтай батыр» деп атаған?

- Міне, балалар, талай жылдар бой ата-бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздігімізге 25 жыл.

Найзаның ұшымен, білектің күшімен, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып бірліктің арқасында қол жеткізген тәуелсіздігіміздің туын сендер болашақ білімді ұрпақ биікке желбіретіндер!


9. Бағалау

Топ басшылары бағалайды, өзін-өзі бағалайды.

10. Рефлексия

Тілек ағашы

Алия Нуржнова,
Маңғыстау облысы, Қарақия
ауданы, Жетібай ауылы,
«№4 орта мектебі» КММ-нің
бастауыш сынып мұғалімі



Қарнақ мекенінде құйылған тайқазан



Тәуелсіз еліміздің тарихи-мәдени, саяси өмірінде Түркістан қаласының, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің алатын орны ерекше.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Түркістанның 1500 жылдық мерей тойында халық арасында Әзірет Сұлтан аталған Қожа Ахмет Ясауи беделінің арқасында орта ғасырлық дүниеде маңызды рухани ағартушылық орталық, Әмір Темір тұрғызған кесене ең қастерлі мінәжат орнына айналғанын, елдермен бейбіт қатынас орнатуда ерекше айрықша ықпалы болғанын, қазақ хандығы тұсында ең ірі саяси, мәдени, рухани орталық болғанын ерекше атап өтті [1,7 б.]. Әмір Темір Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнап құйдырылған заттардың ішіндегі тайқазан - елдің бірлігін, береке, молшылықты, билік қызметін бейнелеген нысан.

Қазақстан егемендігін алғанға дейін, Одақтас Республикалар құрамында болған кезеңде мұндай тарихи құндылықтар сақталып, қорғалды, зерттеліп, жарияланып отырды. Осы жағдайда қазан тарихына көзқарас тек өнер туындысы ретінде қарау жағы басымдылығымен ерекшеленіп, сол тұрғыдан сараланып келді. Әрбір заттың адам секілді өз тарихы, тағдыры, шығу көзі бар. Қазан көштеген тарих қойнауында ұмтылып, ескерусіз кеткен, немесе еленбей келген мәселелерді байқауға мүмкіндік берері анық.

1935 жылы Ленинград қаласына, көрмеде көрсетуге уақытша алып кеткен қазан Эрмитаж мұражайында басқа да жәдігерлермен қатар әлем жұртшылығының таңдандырып, төнгі етті. Өлі күнге дейін бұл қазанның атқарған қызметі туралы бірнеше пікірлер кездеседі. Бір пікірде ас пісіруге арналған қызметін атап өтсе,

екінші пікір су құйылған деген ойға тоқтайды. Қойылып отырған мәселенің өзектілігі осы қазан орнатудың негізін ашып көрсету болып отыр. Әрбір кезеңнің өз тарихы, әлеуметтік-экономикалық, мәдени ерекшеліктері бар. Орта ғасырлар әрбір адамды оның ұлттық негізінде біріктірмеген кезең. Сол себепті, қазан тарихын алғанда осы зат қадірленген мәдениеттер нысанаға алып қарастырылды.

Қазанның зерттелу тарихнамасы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін сәулет өнерінің биік шоқтығы ретіндегі зерттеген ғылыми зерттеулерімен тығыз байланысты. Себебі, ең алдымен ғылыми еңбектерде кесененің архитектуралық-көркемдік ерекшелігі, архитектура тарихындағы орны, көп функциялы сәулет құрылысының шарықтау шегіне жетіп дамыған гимарат ретінде қарастырылды. Кесенеге байланысты жарияланған ғылыми еңбектерде

ең негізгі көңіл қойылған мәселе оның архитектуралық құрылымы болып, ал заттар, оның ішінде қазан-құрамдас бөлігі ретінде берілді.

Қазан құйылған Қарнақ мекені көп ғасырлар бойы тарихи мағлұматтарда кездескен жер. XIV ғасырдың соңында Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнап тайқазанды құйған шебер Әбдул Әзиз Шараф ад-дин (Сәруар ад-дин) Табризи өмір сүрген орын. Әбдул Әзиз ұрпақтарының айтуынша, олар Қарнаққа XIV ғасырда келген. Дерек бойынша 1965 жылы қайтыс болған шебердің ұрпағы Мұхаммед Халық ата өзінің ата-бабасын 14-15 атаға дейін айтып беріп отырған.

Тайқазанның Түркістаннан 25 шақырым жерде орналасқан Қарнақта құйылуы, осы жерде қазан құюға байланысты мүмкіндіктердің болуынан

туындаған. Себебі Қарнақ мекені ежелден-ақ ұсталық өнердің дамуына табиғи жағдайы кең мүмкіндік берген жер. 1697 жылы құрастырылған бірінші орыс атласында ("Чертежная книга Сибири" бояр ұлы С.Ремезовтың") Қарнақ, Сусақ қалалары көрсетіліп, онда қорғасын балқытылатыны айтылған. Қарнақтың кең орындары туралы мағлұматтар XVIII ғасырдағы орыс деректерінде кездеседі.

Жергілікті деректерге сүйенсек, Қарнақта көптеген медреселер болған, кезінде мұнда шәкірттер шарият заңдарын оқып, білімдерін шыңдады. Қызылжар, Атбасар сияқты көптеген жерлерден келген шәкірттер дәріс алып, өз білімдерін кең қазақ даласына таратқан. Осы жерде өмір сүріп, шеберлігін шыңдаған ұста Әбдул Өзизді ел "қазаншы", оның кейінгі ұрпақтарын "қазаншы тобы" деп атап кеткен екен.

Жергілікті жердегі ақсақалдар 1960-жылдары жазып қалдырған жазба деректерінде Қарнақ мекенін қоныстанған ел, ру тарихына тоқталған. Осы деректерде шебер Әбдул Өзиз ұрпақтарының "қазаншы тобы" деп аталып кеткенін айтады. Қазанда "Табризиді" деп түсірілген жазуларға сүйеніп, ғылыми әдебиеттерде шеберді "табриздік" деп атайды.

Тайқазанның сыртында түсірілген уақыты 1399 жыл екені белгілі.

1999 жылы Қарнақ тұрғындары, Әбдул Өзиз Табриздің

ұрпақтары қазанның
құйылуының
600



жылдық мерейтойын атап өтті. Қазіргі кезде қазан құйылған жер белгілі, оны ел қастерлеп, ұмытпай ұрпақтан-ұрпаққа айтып, көрсетіп келеді. Шебердің ұрпақтарының шежіре таратуына сүйенсек, қазан 1393-1399 жылдары құйылған, яғни алты жыл мерзім ішінде жұмыс жүргізілген. Қазандағы жазылған уақыт, бұл заттың жасалып біткен мерзімі деуге болады.

Шебер Әбдул Өзиз ұстаның ұлы Әбділжатиңдің баласы (атасының құрметіне Әбдул Өзиз деп атаған) Әбдул Өзиз ұстаның екі ұлы болған. Олардың есімі шежіреде Нарқозы және Аққозы деп аталады. Нарқозыдан өрбіген ұрпағы Гамлет Хасанұлы Байбұллаевтың бабасы Әбдул Өзиздің ұрпақтарының ішінде 101 жас жасаған Әбдіқалық және Шамеддин есімді кәсіпкер ұсталар болғанын айтады. Ұсталық кейінгі ұрпақтарына да дарып, ұласқан деуге болады. Қазіргі кезде Әбдул Өзиз ұстаның тікелей ұрпақтары Ахмаддин Шамшиевтің қолындағы ұсталық төс, үш жүз жыл бойы қолданылып келген ұсталықтың белгісі, ата-бабасынан мұра болып қалған қадірлі заты.

Ұстаның ұрпақтарының дерегінде айтылғандай (Гамлет Байбұллаев) бабалары Саруар ад-динді Өмір Темір арнайы алдырған екен. Темірдің парсы жорықтары 1380 жылдан (х.б. 782ж) басталады. Осы жорықтың бірінші жылында тайқазанды құйған шебердің әкесі Сәруар ад-дин Ясыға баласы Әбдул Өзизбен бірге Табризге келген немесе Самарқандтан Ясыға жіберілген болуы мүмкін. Шебердің ұрпақтарының дерегінше "Әбдул Өзиз Табризи" деп аталған бабасының қазанда жазылған аты-жөні "Әбдул Өзиз Саруар ад-дин ұлы Табризи" тіркесіндегі "Табриз" сөзі тек Саруар ад-дин бабасының шыққан жеріне қатысты айтылады. Яғни әкелі-балалы әулеттің басты шыққан жері бейнеленген. Кейін ұста Әбдул Өзиздің әкесі Саруар

ад-дин еліне қайтып, ал баласы калған деген деректер де өріс алып отыр. Дәл қазіргі жағдайда шеберлердің тікелей Табризден яки Самарқандтан келуі туралы бір жақты тұжырым жасау қиын.

Уақыт өте шеберлер біртіндеп өзінің үйі, шаруашылығы бар адамдарға айналған. Билеушілер ең озық шеберлерді ала отырып, қажетті жұмыстарына тартады. Жоғарыда аталған кезеңдерде шеберлердің екі категориясы болды. Бірі өз иесінің қарамағында, отбасы, шаруашылықсыз өмір сүрсе. Екіншілеріне отбасын күру, уақыттың бір бөлігін өзіне жұмыс істеуге арнауға рұқсат етілген. Ұстаның ұрпағы Гамлет Хасанұлы Байбұллаевтың дерегі бойынша шебердің "Әбдул Өзиз Сәруар ад-динұлы Табризи" деп аталуы ұстаның Табриздік шебердің ұрпағы екенін көрсетеді. Бірақ ұста Әбдул Өзизге қатысты емес, "Табризиді" сөзі ұстаның әкесі Саруар ад-динге ғана қатысты айтылған.

Кейінгі ғасырларда қазан құйылған жер гүлге оранған талдар өскен. бау-бақшаға айналған.

Ол Қарнақ мекеніндегі XIV ғасырмен мерзімделген "Базартөбе" аталған жерде, Мүсле қақпа маңында, Қара су арығының жағасында орналасқан. Қазіргі кезде сол арықтан әлі де су ағады.

Қазанның үш рет құйылғаны белгілі. Тайқазанды құйғанда бір деректерде 60 атты, екінші деректерде 100 түйені пайдаланған дейді. Қазанды құю процесінде ерітілген металдың қалыпқа біртұтас жайласу процесін қамтамасыз ету үшін, қазан құйылған жерде арнайы тербеліс, діріл туындату мақсатында үлкен шұңқырды айналдыра жылқыларды (түйелерді) қуып жүргізген. Осы процесті басынан аяғына дейін жүйелі жасай отырып, қазанды құю іске асырылған. Әбдул



Өзиз ұстаның ұрпақтарының бірі Әбдіразақ қарияның дерегі де біраз мағлұматтар береді. Тайқазанға қорытуға қатысты металлдарды Қаратаудан іздестірген екен. Қазан құюды бастар алдында құйылатын жерге құрбандық шалынады. Қыштан пеш орнатылып, отын ретінде сексеуілдер қолданылған. Тайқазанды қос өгіз жеккен арбаға тиіп, арқанмен байлап, адамдар күшімен кесенеге жеткізген екен. Шебердің ұрпақтары айтып отырғандай ұста Әбдул Өзиз тамырын жергілікті жерге жайған, Ясауи ілімінен негіз алған жан болған. Әбдул Өзизден тараған ұрпақтарының бірі А.Шамшиев "Зергерлік қанымызда бар" дейді. Шебердің ұрпақтарының қолында ұсталықтың белгісі, көненің көзі-ұсталық төс сақтаулы. Ұрпақтары анда-санда болса да осы төспен жұмыс істеу рәсімін жасап отырады екен.

Салмағы 2 тонна келетін қазанды Қарнақтан Түркістанға дейін жиырма бес шақырым жерден жеткізу оңайға түспегені рас. Екі пікірдің де өзіндік бір көңіл қойып, құптар тұстары бар. Сол себепті екеуін де жоққа шығармай қабылдау орынды болар. Ауыр затты ерте кезде бір жерден екінші жерге алып бару үшін ірі қара малдардың күшін, ағаш сүйретпелерді қолданған.

Әкелі-балалы шеберлер Ясыға келіп, Қарнақ мекенінде тайқазанды күйеуі үлкен еңбек сіңірді. Жасаған жоба мен қойылған мақсаттың орындауына біраз жылдар бойы тер төгілген. Үлкен қазанды бірінші құю

сәтсіз аяқталып, екінші рет құйылу кезеңі де өте жақсы нәтиже бермеген екен. Екі рет жасауда қамтылмаған, ескеруге қажетті сәттері нақтылана отырып, үшінші құйылу сәтті аяқталды. Қазан құю процесінде жетекші орынды шебер Әбдул Өзиз алып, әрбір бөлігіне аса мұқияттылықпен қарап, еңбектенді. Шебер Әбдул Өзиз ұста секілді, есімдері қазанда жазылмаған беймәлім еңбекқор ұсталардың төккен тері мен жасаған еңбегі алып қазанның тұлғасы мен көлемінде мәңгілік белгі ретінде қалды деуге болады. Тайқазанды құю сәтті аяқталған соң, келген шеберлер еліне қайтады. Ал Әбдул Өзиз ұста жергілікті жерде отбасын құрып, қоныстанып қалған. Қазіргі кезде ұстаның ұлы Әбділжалилден тараған ұрпақтары осы ата-бабасы қоныстанған мекенде өмір сүріп жатыр. Қарнақ ауылы гүл, бақшаға оранған, тарихы тереңде жатқан жер.

Темір қазанды жасаған еңбегі үшін Әбдул Өзиз ұстаға бостандық пен артықшылықтар бергені анық. Кейінгі ұрпақтарының дерегі бойынша (Юсуп Хайруллаев) салық төлеуден босатылып, Қарнақ мекенінде белгілі бір жер мөлшеріне ие болып, суды пайдалануға мүмкіндіктер алған және бұл артықшылықтарды қазан төңкерісіне дейін қолданып келген екен.

XIV ғасырда Қарнақ мекенінде құйылған қазанның даму тарихы бастауын көнеден алып, ғасырлар өте толысып, көркею сатысынан өткен. Қазан қою, қазанды

қастерлеу дәстүрінің ежелден қанат жайғанын, тамырының тереңде екенін байқауға болады. Кең даланы мекендеген елдердің әдет-ғұрпында салт-дәстүрінде мыңдаған жылдар көлемінде көркейе дамып, толысқан. Қазан қою дәстүрінің сақ, үйсін, ғұндарда өркендеп, ортағасырлық көшпенділерге дейін ұласуы әрбір кезең өзгерістерін бойына жинақтай жүрді. Ислам мәдениетінің еніп, өзіндік бір өзгешелігін еңгізгенмен, түп негізі сақталды. Тайқазанды тек Иран өнерінің туындысы деп қарау, мәселеге бір жақты ғана қарау деуге болады. Себебі, қазанның құйылу мәселесі бірнеше қырынан қарап, зерделеуге болатын жай. Осыған орай қазанның қойылу себебіне тоқтала отырып, тайқазанға де ежелгі кезеңдегі, сақ, үйсін, сармат, ғұн тайпаларының жерлеу орындары мен қасиетті деп аталған орталықтарға қазандардың қойылуы археологиялық, этнографиялық, ауыз әдебиеті, тарихи деректермен нақтыланып отыр. Ежелден келе жатқан тарихы мен дәстүрі қазан-бейнеленіп, көретін көз бен ұғар көңілге әрқашан сырын паш етуге даяр үлкен ойға толы асыл мұралардың бірі.

Қазан - ел бірлігінің, отбасының беріктігінің, ұрпаққа өрбуінің, өмірдің дамуының, Анаға деген қасиетті сезімнің, молшылық пен берекенің, жаңа өмірдің символына айналды.

Сохиба Асамова,
Кентау қаласы, Қарнақ ауылы,
М.Қашғари атындағы мектеп-лицей

Конспект занятия по математике

Тема: «Закрепление знаний о цифрах 1, 2, 3, 4. Счет по образцу, сравнений смежных чисел. Далеко – близко.

Задачи:

Закреплять знания о цифрах 1, 2, 3, 4 формирование умения сравнений смежных чисел. Продолжать учить считать по образцу и названному числу. Закреплять знания о геометрических фигурах Формировать навык ориентировки в пространстве (далеко - близко). Развивать мышление.

Оборудование:

Игрушки, геометрические фигуры, листы с заданием, карандаши. Предварительная работа:

Дидактические игры: «Считай и дорисуй», «Закрась нужную цифру».

Ход занятия:

Дети стоят полу, кругом.

Сюрпризный момент: Воспитатель берет конверт и читает письмо от Бабы Яги.

Воспитатель: Поможем Кузе узнать о цифрах и запомнить геометрические фигуры?

Дети: Да

Воспитатель: Тогда я предлагаю вам полететь на воздушном шаре.

Ножкой топнем
В ладоши хлопнем
Вокруг себя повернемся
Дружно за руки возьмемся
Глаза закроем скажем АХ
И окажемся в гостях.

Проводиться игра Далеко Близко

Воспитатель: Проводиться беседа с Кузей.

Кузя: Меня бабушка не пускает в лес поиграть, я не знаю порядковый счет геометрические фигуры я тоже не знаю.

Воспитатель: не грусти Кузя мы получили письмо от твоей бабушки и прилетели тебе помочь.

Кузя: Ой какие шарики у вас красивые!

Воспитатель: Кузя эти шарики не простые посмотри внимательно что ты видишь

Кузя: ДА, ДА Я знаю называет цифры не правильно.

Воспитатель: Предлагает назвать правильно и прочитать стихотворение.

1. Как солдатик единица
Ей никак нельзя садиться
На полу она стоит
Влево нос всегда глядит.

2. Ручек две и ножек две
Пара тапочек на мне.
Два запомнить очень просто
Мама Папа двое взрослых.

3. Тонкое колечко
Упало на крылечко
Раскололась посмотри
Получилась цифра 3

4. Деревянный стул сломался
Но совсем не растерялся
Вверх ногами встал в квартире
И стал цифрой 4.

Воспитатель: Ребята, а давайте мы шарики подарим Кузе пусть ему будет приятно.

Создают круг радости:
Я улыбаюсь тебе, ты улыбаешься мне.

Кузя: у меня такое прекрасное настроение.

Воспитатель: обращает внимание всех на сундучок.

Кузя: Да здесь лежат конверты,

но я не знаю что там.

Воспитатель: Читает задание, предлагает ребятам выполнить.

Достаёт второй конверт, и выполняют задание.

Кузя: Я так устал, хочу отдохнуть.

Физминутка.

Один, два-стоит ракета.
Три Четыре=самолет.
Один, два-хлопок в ладоши
А потом на каждый счет.
Один Два Три Четыре.
И на месте ходили.

Воспитатель: Кузя усталость прошла? Давай посмотрим, в твой сундучок может еще, конверты найдем.

Кузя: Нет, больше нетувы мне так, помогли. Большое спасибо.

Воспитатель: Мы очень рады что помогли тебе узнать о цифрах. Но нам пора возвращаться к себе, как мы вернемся?

Кузя: я вам помогу у моей бабушки есть старый ковер самолет он весь в дырках его нужно залатать.

Воспитатель: Ребята давайте мы все вместе залатаем ковер и вернемся к себе.

Кузя: вот я и заплатки нашел и дает геометрические фигур.

Воспитатель: ребята приступаем к работе. Благодарят Кузю садятся и проговаривают слова

Наш ковер по небу мчится.
Мы летим как будто птица В садик нам опять пора прилетела детвора.

Венера Замалдинова,
ЮКО Туркестан,
Начальная школа
детский сад №31

Болымды және болымсыз етістік

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары: Болымды және болымды етістік туралы біледі. Болымды етістіктен болымсыз етістікті жасау жолдарымен танысады. Болымды етістіктен болымсыз етістік жасайды.

Табыс критерийлері

Барлық оқушылар орындай алады: Болымды және болымсыз етістік туралы біледі. Болымды және болымсыз етістікті ажыратады.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Болымды етістіктен жұрнақ арқылы болымсыз етістік жасайды.

Кейбір оқушылар орындай алады: Алған білімдерін өмірде қолдана алады.

Тілдік мақсат

Оқушылар орындай алады: етістік, жұрнақ, болымды етістік, болымсыз етістік

Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: етістіктерді табу, оларды ажырату, болымсыз етістік жасау

Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: болымды етістік, болымсыз етістік, етістік

Сыныптағы диалог/жазылым үшін сөйкес келетін тіл стилі: айтылым және тыңдалым, оқылым және жазылым

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Етістік деген не?
- Сөйлем ішінде етістікті қалай ажыратамыз?
- Болымды етістік деген не?

Не себепті деп ойлайсыз?

-Болымсыз етістікті қалай

жасайды деп ойлайсыз ?

Ишара: дәптерге дұрыс жазу ережесін сақтау

Алдыңғы оқу: Негізгі және туынды етістікпен танысады. Негізгі етістікті туынды етістіктен ажыратады. Туынды етістіктің жасалу жолдарын біледі.

Жоспар

Жоспарланған уақыт есебі: Сабақтың басы. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру

7 минут

Ресурстар: Суреттер, бағдаршам түстері, бағалауға арналған фишкалар

Жоспарланған жаттығулар
Қол ұстасып көне біз,
Дос болайық бәріміз.
Қандай жақсы дос болу,
Достарменен бір жүру.

Оқушыларға жұмбақ жасырып, шешу арқылы 4 топқа бөлемін. Топ басшыларын өздері сайлайды.

Әр тапсырма бойынша орындалған тапсырмаларды оқушылар бағдаршам арқылы бағалайды.

қызыл көзі – қанағаттанарлық
сары көзі – жақсы
жасыл көзі – өте жақсы

Жоспарланған уақыт есебі: Сабақтың ортасы 10 минут

Ресурстар: оқулық, кубик

Жоспарланған жаттығулар

Үй тапсырмасын тексеру

Топ басшылары ортаға шығады. Кубикті ортаға тастап,

қай қыры түссе сол қырындағы тапсырмаға жауап береді.

- 1.Етістік деген не?
- 2.Етістіктің неше түрі болады?
- 3.Дара етістікте неше сөз болады?
- 4.Күрделі етістік туралы не білесіңдер?
- 5.Етістік мағынасына қарай нешеге бөлінеді?
- 6.Етістіктердің түбірі қай сөз таптарынан жасалады?

Жаңа сабақ

«Болып жатқан жұмыстың болымсыз жағын көрсетейік» (тақтада орындау)

Жүз – жүзбе
Күл – күлме
Бар – барма
Төк – төкпе
Тақ – тақпа

Топпен жұмыс «Кім жылдам?» ойыны

Әр топ бір – бір сөйлемнен жазып, болымсыз етістіктерді табады, олардың қалай жасалғанын айтады, қорғайды.

29 – жаттығу

Білмегенінді сұрауға арланба.
2.Ешқашан өтірік айтпа.
3.Бір істі бастасаң, аяқсыз тастама.
4.Кісіге қарап күлме.

Жоспарланған уақыт есебі: қызықты тапсырма, 10 минут

Ресурстар: Тыйым сөздер

Жоспарланған жаттығулар

«Үш табан» ойыны

Ойынның шарты: Тыйым сөздерді оқып, жаттап отыру. Етістіктерді тауып, олардың болымды, болымсыз екенін айту. Кімнің есте сақтау қабілеті жақсы, сол ойынды жалғастырады. Ең соңғы қалған ойыншы жеңімпаз болып саналады.

Жоспарланған уақыт есебі: сергіту сәті, 5 минут

Ресурстар: ноутбук

Жоспарланған жаттығулар

Сергіту сәтін орындаймыз. «Көңілді күн» әніне оқушыларды билетіп, сергіп аламыз.

Жоспарланған уақыт есебі: сабақтың аяқталуы, 10 минут

Ресурстар: суреттер

Жоспарланған жаттығулар

Топпен жұмыс

Суреттер арқылы етістіктерден болымсыз етістік жаса.

30 - жаттығу

Ал, аш, жап, сөйле, шақыр, тарт, үз, үрле, кес.

Нургуль Кубеева,
Түркістан қаласы,
Майшай Әбеннова
атындағы жалпы
орта мектебі



«БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МЕДИА ҰСТАЗ» АТТЫ ТРЕНИНГ КУРСЫ БАҒДАРЛАМАСЫ/ ПРОГРАММА

Ұйымдастырушы/ Инициаторы:
ҚАЗСАҚ МЕДИА ОРТАЛЫҒЫ / ҚАЗСАҚ МЕДИА ЦЕНТР

Уақыт/Длительность: 50 минут

Қатысу құны/Стоимость: 3000 тг/1 педагог

Қатысушы 1 жыл көлемінде мақала/ашық сабақтарын Қазсақ Медиа Орталығының

11 бұқаралық ақпарат құралдарында тегін жариялайды.

Участник в течении года будет публиковаться бесплатно в 11 Средствах массовой информации Медиа Центра Казсақ.

Сертификатпен қоса жеке код табысталады. Дополнительно к Сертификату выдается индивидуальный код.

Тілдері/Языки: қазақ, орыс, ағылшын.

I-БӨЛІМ. «ПЕДАГОГТАРДЫҢ БАҚ-ПЕН ЖҰМЫСЫ» / «РАБОТА ПЕДАГОГОВ СО СМИ»

- **Басталуы/ Начало:**
Тіркеу/ Регистрация
Таныстыру/ Презентация
- **Түсінік беру/ Определение:**
Мақала деген не?/ Что такое статья?
Мақаланың түрлеріне тоқталу/ Виды статей
- **Топтық жұмыс: Мақала жазу**
- **Коллективная работа: Написать статью**
Белгіленген бір тақырып төңірегінде/ По определенной теме
- **Мақала құрылымы туралы түсінік**
Тақырып/ Название
Лид
Кіріспе бөлімі/ Вступление
Негізгі бөлім/ Основная часть
Қорытынды/ Заключение

- **Тақырыпқа байланысты фотосурет дайындау/ Выбор фотографии по теме**
Фотосуретті түсіру, таңдау, сапасын қарау, редакцияға жолдану әдебі / Как правильно фотографировать, выбор соответствующего фото, определение качества, правило отправления в редакцию
- **Электронды поштамен жұмыс/ Работа с электронной почтой:**
qazsaqmedia@inbox.ru
makala-2017@msil.ru
- Қазсақ Медиа орталығының негізгі сайттары мен басылымдары/ Сайты и публикации
Сайттар легі
Газет-журналдар
Материалдардың қабылдануы
Ұстаздардың материалдарының БАҚ-та жариялануы, кері байланыс орнату
- «Ашық сабақ», «Қазсақ Education» жинақтары туралы
Көлемі, талабы

II-БӨЛІМ. «МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАЦИЯДАН ӨТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ» «ПРАВИЛА ПРОХОЖДЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ АТТЕСТАЦИИ»

- Негізгі нормативтер/ ақпараттық көмек
Основные нормативы/ информационная помощь
- Кәсіптік-құқықтық қорғау/ Правовая-информационная консультация
- Кең ақпараттық қолдау/ Информационная поддержка
- Сұрақ-жауап, ұсыныс, пікір алмасу/ Вопрос-ответы, предложения, дискуссии
- Марапаттау, естелікке фотосуретке түсу/ Вручение сертификата, фото-тайм

+77754900197

Астана – 2017ж.



